

ҚЫЗЫЛША ҚАЙТА БЕЛЕҢ АЛДЫ МА?

4-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ТАЯУ ШЫҒЫС ТАҒДЫРЫ – ТАРАЗЫДА

8-БЕТ | ШАРТАРАП



ЕЛОРДА ТАРИХЫН ХАТТАҒАН

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазақстан әділеттің, заң мен тәртіптің мекені, еңбекқор адамдардың елі болуға тиіс. Заң үстемдігі мен жасампаз еңбек жоғары тұрмыстық мәдениет идеологиясымен астасып жатуы керек. Осы қағидаттар көптеген елде табысты әрі берекелі өмір сүрудің формуласы саналады.

№11
(4909)
Бейсенбі
29 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның 4-отырысында Конституциялық сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмаханов Конституция мәтінінің 84 пайызы түзетілгенін мәлім етті.

– Қолданыстағы негізгі заң преамбуладан, 9 бөлімнен және 101 баптан тұрады. Ұсынылып отырған жобада преамбула, 11 бөлім және 104 бап қамтылған. 2 жаңа бөлім пайда болды. Олар «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» деп аталады. 4 бөлімнің атауы өзгертілді. Жалпы ережелер бөлімі, конституциялық құрылыстың негіздері, адам және азамат бөлімі, негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер, Парламент бөлімі, Құрылтай, соттар және сот төрелігі, прокуратура, адам құқықтары жөніндегі уәкіл бөлімі, сот төрелігі, құқық қорғау тетіктері бөлімдері болып тұжырымдалды. 77 бапқа түзетулер дайындалды. Бұл Конституция мәтінінің 84 пайызын құрайды. Осылайша, өзгерістер мен толықтырулар негізгі заңның барлық бөлімін қамтиды деп айтуға болады, – деді Конституциялық сот төрағасының орынбасары.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



ЖОЛ ҮСТІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Елорда тұрғындарының саны артқан сайын қала көшелерінде жүретін жеке көлік те көбейіп жатыр. Бүгінгі таңда Астанада 450 мыңнан астам көлік тіркелсе, күн сайын 100 мыңға жуық көлік сырттан келіп, транзитпен өтеді. Осынша көліктің қозғалысынан, өкінішке қарай, көптеген апатты жол-көлік оқиғалары да орын алып отыр.

ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚҰТ

2025 жылдың қорытындысы бойынша 16805 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 164,8 мың этникалық қазақ оралды.

Қазақстанға келген қандастардың 44,5 пайызы – Өзбекстаннан, 44,1 пайызы – Қытайдан, 4 пайызы – Түрікменстаннан, 3 пайызы – Моңғолиядан, 2,5 пайызы – Ресейден және 1,9 пайызы басқа елдерден қоныс аударған. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 57,4 пайызды, еңбекке қабілетті жастан кішілер 34 пайызды және зейнеткерлер 8,6 пайызды құрайды. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15 пайызы жоғары білімді, 27,5 пайызы орта кәсіби білімді, 51,2 пайызы жалпы орта білімді және 6,3 пайызының білімі жоқ. Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңіріне қоныстанды.

БАҒДАРҒА АВТОБУСТАР ҚОСЫЛДЫ

Бас қалада 7 бағыттағы автобустар саны артты. Бұл туралы CTS баспасөз қызметі мәлім етті.

Елордада көліктік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында 4 қалалық және 3 экспресс бағдарларына қосымша екі автобустан қосылды. Атап айтқанда, №20 бағдарда – 19 автобус (бұрын 17), №60 бағдарда – 18 автобус (бұрын 16), №63 бағдарда – 19 автобус (бұрын 17), №78 бағдарда – 10 автобус (бұрын 8), №501 бағдарда – 10 автобус (бұрын 8), №502 бағдарда – 10 автобус (бұрын 8), №505 бағдарда 10 автобус (бұрын 8) жүреді. Сондай-ақ №63 бағдардың демалыс күнгі жүретін автобус саны 4-ке артып, барлығы 14 автобус қызмет көрсетеді.

РОБОТ-ИТ БАҚЫЛАЙДЫ

Астанада қоғамдық орындарда роботтандырылған патрульдік кешен қолданылады. Бұл туралы ІІМ баспасөз қызметі мәлім етті.

Робот-ит елорданың көлік инфрақұрылымы нысандарында және ірі сауда орталықтарында қызмет атқарады. Нақты уақыт режиміндегі бейнебақылау полицияның жедел басқару орталығымен біріккен. Бұл технология қоғамдық ахуалды бақылау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жедел әрекет ету мақсатында пайдаланылады. Заманауи цифрлық шешімдерді енгізу Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес және ішкі істер органдарын кезең-кезеңімен цифрлық трансформациялау аясында жүзеге асырылуда.

№11 (4909) 29/01/2026 Бейсенбі

AQORDA





КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАМЕН КҮРЕСТІ ЖАНДАНДЫРУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінде жиын өткізді. Президент сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, осыдан бес жыл бұрын, ел ішінде ауқымды өзгерістер қолға алынып жатқан тарихи кезеңде құрылған Қаржылық мониторинг агенттігі өзіне жүктелген жауапкершілік пен міндетті абыроймен орындап келе жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет қаржысын жымқыратын алаяқтармен күрестің маңыздылығына тоқталды.

«Біз елімізді дамытуға арналған қаражатты тиімді жұмсаудың амалын іздеп қиналамыз. Бірақ соған қарамастан әлеуметтік салаға бөлінген триллиондаған теңге қаржыны жымқыратын алаяқтар бар, тіпті аз емес деп айтуға болады. Бұл – мүлде ақылға сыймайтын жағдай. Мұндай кеселді түп тамырымен жою керек. Қаржыны криптовалютаға айналдырып, шетелге шығару жағдайлары да азаймай тұр, ондай заңсыздыққа тосқауыл қою қажет. Мұндай теріс ахуал экономикаға орасан зор зардабын тигізуде. Түптеп келгенде, көлеңкелі экономикамен үзілді-кесілді күресу керек» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы ЖИ мүмкіндігін пайдаланып, талдау-сараптау жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

«Мен жақында «Құқық бұзушылық профилактикасы» туралы Заңға қол қойдым. Бұл заңға сәйкес агенттік алғаш рет экономикалық қылмыстың алдын алумен айналысатын толыққанды құрылым ретінде көрсетілді. Осыған орай, қылмыстың алдын алуға қажетті жаңа әрі тиімді шаралар қажет. Көп жағдайда келтірілген залалды өтеу мәселесі оң шешімін таппай жатады. Сол себепті қылмыстың салдарын емес, себебін анықтап, онымен күресу маңыздырақ. 2023 жылы шығын көлемі 325 миллиард теңгеге бағаланды. Оның 53 миллиард теңгесі немесе шамамен 16,5 пайызы қайтарылды; 2024 жылы шығын көлемі 4,4 триллион теңгеге бағаланды. Оның 236 миллиард теңгесі немесе 5,5 пайызы қайтарылды; 2025 жылы шығын көлемі 135 миллиард теңгені құрағаны, яғни айтарлықтай азайған. Оның 20 миллиард теңгесі немесе 15 пайызға жуығы қайтарылған. Алдын алу шаралары шын мәнінде тиімді болу үшін цифрлық талдау тәсілдерін барынша дамытқан абзал. Агенттікке тиесілі ақпараттық жүйе ауқымды деректерді талдауға мүмкіндік береді. Сол арқылы бюджет қаржысын үнемдеуге болады. Осы ақпараттық жүйенің аясын кеңейте түсу қажет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен әлеуметтік салада қалыптасқан қаржылық жағдайды ретке келтіру керек.

«Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау сияқты ұлт болашағына әсер ететін, үнемі халқымыздың назарында болатын маңызды салаларға баса мән берілуге тиіс. Осыған дейін де айтып өттім, жалпы әлеуметтік салада заң бұзушылықтар аз емес. Қаржы операцияларына мониторинг жүргізу кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін заманауи тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет. Басты мақсат – бәрін жаппай тексеру емес, ел экономикасына қауіп төндіретін сын-қатерлерді дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау. «Шаш ал десе, бас алып», шектен шығуға болмайды. Қайталап айтамын: агенттік қызметкерлерінің міндеті – қаржы ұйымдарын жаппай тексеру емес, керісінше экономикаға төнген қауіптің бетін қайтарып, тойтарыс беру үшін уақытылы шара қабылдау. Бұл ретте цифрлық жұмыс тәсілдері ауадай қажет. Бірақ жасанды интеллектіге ғана емес, өз ақыл-ойларыңызға да сенген артық етпейді. Адамдар ЖИ-ге арқа сүйей бастағанын, тіпті баяндамаларын да өздері жазбай, оны Grok пен ChatGPT-ге тапсыратынын байқаймын. Яғни адамдар дұрыс оқуды, тиісті білім алуды емес, интеллектіні түрлі нұсқада қалай пайдалануды үйренуде. Мұның салдары ауыр болады. Қаржылық барлау қызметкерлерінен нағыз жауапкершілік пен жасампаздық тұрғысынан қарайтын отаншылдықты талап етемін. Мұндай қасиетке ие адамдар жемқорлықтан, ашкөздіктен, сауатсыздықтан ада болуға тиіс. Сауатсыз, әсіресе ашкөз, көрсеқызар, жемқорлыққа бейім адам ешқашан патриот бола алмайды. Әрине, ол өзін патриот санауы, алаулатып, жалаулатып сөйлеуі мүмкін. Алайда ол патриот емес және оны бәрі біледі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлеңкелі экономикамен күресті жандандыру мәселесіне назар аударды.

«Жаңа салық саясаты күшіне енгелі бері нақты айналымды жасыру үшін қолма-қол төлем көлемінің артқаны туралы мәліметтер келіп түсті. Бөлшек саудамен айналысатын саудагерлер тауардың ақысын қолма-қол ақшамен немесе аударым арқылы төлегеніне қарай салық сомасын шегеріп, екі түрлі баға айта бастады. Бұған, әрине, көз жұма қарауға болмайды. Өйткені мұндай әрекеттер мемлекеттің салықты әкімшілендіру тетіктерін жетілдіру бағытындағы еңбегін зая кетіреді. Кірісті жылыстату және капиталды астыртын криптоперациялар арқылы заңсыз шығару проблемаға айналды. Бүгінге дейін 62 миллиард теңгеден астам қаржы айналымы бар 130 заңсыз криптоалмасу қызметі жойылды. Осы істердің аясында 2,6 миллиард теңгенің мүлкіне тыйым салынды. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілерде ақшаны криптоға айырбастау жарнамасы тыйылмай тұр. Демек, мәселе түбегейлі шешімін таппаған. Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, еліміз – сыртқа шығарылған капиталдың көлемі жағынан «көш бастап тұрған мемлекеттердің» бірі. Ал осындай қылмыс үшін сотталғандар жоққа тән. Капиталдың заңсыз сыртқа кетуі экономикалық қауіпсіздігімізге тікелей қатер төндіреді. Агенттік аталған мәселелер бойынша нақты ұсыныс енгізсін» деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың жаңа тәсілдерін ойластыру қажет екенін айтты.

«Агенттік қаржы пирамидаларымен белсенді күрес жүргізіп жатыр. Тек былтырдың өзінде 140-тан астам қылмыстық іс тергеліп, жарты миллионнан аса адамның қаржысын тартпақшы болған 15 мың сайт пен 123 чат жабылды. Алайда қабылданып жатқан шаралар да, түсіндіру жұмыстары да жағдайды түбегейлі өзгерте алмай тұр. Әйтсе де оң үрдіс бар. Неге? Өйткені алаяқтар пирамиданы түрлі қаржы құралдары сияқты ұсынады. Ал азаматтар олардың арбауына түсіп, бар тапқан-таянғанынан айырылып қалып жатыр. Сондықтан қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеп, проблеманың түп тамырын анықтаған жөн. Өз әрекетінің заңсыз екенін біле тұра, адамдарды түрлі алаяқтық схемаларға тартатын пирамида қатысушыларына құқықтық жауапкершілік енгізу мәселесін қарастыру қажет. Мұндай алаяқтарды немесе қымсынбай қылмысқа баратын жандарды түрмеге қамап, қылмыстық жазаға тарту керек. Егер Қаржылық мониторинг агенттігі, Үкімет осындай түзетулерді ұсынса, мен қолдаймын. Мәселені қарастырыңыздар. Осы тектес батыл шешімдер қабылдамасақ, ахуалдың оңала қоюы екіталай. «Баяғы жартас – сол жартас» күйінде қала береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ОТЫРЫСТАР НӘТИЖЕСІН БАЯНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.



Мемлекет басшысына Конституциялық комиссияның бұған дейін өткен отырыстарының нәтижесі туралы мәлімет берілді. Эльвира Әзімова комиссия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында барлық отырыс медиа кеңістікте, соның ішінде арнайы Telegram-арналары арқылы тікелей көрсетіліп жатқанын баяндады.

Конституциялық комиссия төрағасы жарты жыл бойы Конституциялық реформаларды қоғамдық талқылау өткізілгенін айтты. Электронды платформаға азаматтардан, құқықтанушы ғалымдардан, сарапшылардан, заңгерлерден, саяси партиялардан, үкіметтік емес ұйымдардан, кәсіптік және бизнес қауымдастықтардан 2 мыңнан аса ұсыныс пен бастама келіп түскен. Осыған дейінгі отырыстарда комиссия мүшелері Конституция преамбуласының түбегейлі жаңа редакциясын, бірқатар баптарды және бөлімдерді әзірлеп, қарастырды.

Мемлекет басшысы алдағы Конституциялық реформа еліміздің дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Ал комиссия жұмысы Конституциялық реформаларды іске асыруда өте маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Премьер-министр Олжас Бектенов Бас прокурор Берік Асыловтың, Үкімет басшылығы және министрлер мен өңір әкімдерінің, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰИХ, «Kazakh Invest» ҰК, «Атамекен» ҰКП басшылығының қатысуымен жаңа инвестициялық циклді іске қосу және сапалы инвестициялар көлемін арттыру жөніндегі Президент тапсырмасын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ ҚАРАЛДЫ

«Президент барлық мемлекеттік орган мен ұйымның алдына сапалы инвестициялар ағынын арттыру және қосылған құны жоғары серпінді жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету міндетін қойды. Инвестициялық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы өзектендірілді. Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, өнімді еңбекті ынталандыру, инвесторлар құқықтарын қорғау, жүзеге асырудың барлық кезеңінде ел үшін маңызды жобаларды қолдау мақсатында бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин өткен жылы негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі 22,7 трлн теңгені құрағанын баяндады. Биыл 31,5 трлн теңге деңгейінде негізгі капиталға инвестициялар бойынша нысаналы бағдар белгіленді, ал тікелей шетелдік инвестициялар ағыны – $25,5 млрд. 1,1 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын құра отырып, 16 трлн теңгеге 475 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бүгінгі таңда Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада жүзеге асыру сатысында жалпыұлттық пулдың құны 74,5 трлн теңге болатын 1047 жобасы тұр. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 2,49 трлн теңгеге 273 жоба іске қосылды. Ал жалпы алғанда, Инвестициялық саясат тұжырымдамасына сәйкес инвестициялар көлемін 3 есе ұлғайту қажет.

Шетелдік инвесторлар тарту ісін нығайту туралы Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров баяндады. Ол инвесторларды нысаналы түрде тарту және инвестициялық ұсыныстарды қалыптастыру бойынша нақты жұмыс нәтижелерінен мысалдар келтірді. Олардың арасында CHN Corporation (Қарағанды облысындағы көмір-химия кешені, құны – $4 млрд), Roca Group (Қызылорда облысындағы жуынатын бөлмеге арналған сантехника мен жиһаз өндіретін зауыт, құны – $70 млн), Fufeng Group (Жамбыл облысындағы жүгеріні терең өңдеу зауыты, құны – $800 млн), UBM Group (Қостанай және Алматы облыстарындағы құрама жем дайындау зауыттары, құны – $58 млн), Shandong Yuwang Industrial (сояны терең өңдеу жобасы, құны – $250 млн) компаниялары бар. Сондай-ақ халықаралық консультанттармен бірлесіп басым бағыттар бойынша инвестициялық ұсыныстар әзірленгені атап өтілді. «Kazakh Invest» ҰК-ның Германия, АҚШ, ҚХР, Қатар, Ресей, Түркия және Малайзия сияқты негізгі бағыттарда өкілдіктерін орналастыра отырып, шетелдік өкілдіктерді ашу жұмыстары күшейтілуде.

№11 (4909) 29/01/2026 Бейсенбі

ТӘРТІПТІ БОЛУҒА ШАҚЫРДЫ





Елордадағы Нәзір Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейде бокстан Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, 3 дүркін Азия чемпионы, 2 мәрте әлем чемпионатының қола жүлдегері Василий Левит оқушылармен жүздесті.

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған шарада Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит кездесу барысында өмірде, спорттан бөлек, білім мен тәртіптің де маңызды екенін атап өтті.

«Менің анам мұғалім еді. Сондықтан жолым болды деп айта аламын. Бокспен кәсіби түрде айналыссам да, ата-анам үнемі кітап оқуымды қадағалайтын. Тіпті оқу-жаттығу жиындарында да мектеп тапсырмаларын орындайтынмын. Осы үшін қазір үйдегілерге алғысымды айтамын. Спорт мәңгілік емес. Оның үстіне бокс сынды спортта бір соққы өміріңді өзгертіп жіберуі мүмкін. Сондықтан қазірден спорт пен білімді қатар алып жүруге тырысыңыздар. Бастысы, қоғамда заңды бұзбаңыздар» деді Василий Левит.

Оқушылар қонаққа әртүрлі сұрақтар қойды. Атақты спортшы болса оқушыларды қызықтырған барлық сұраққа жауап берді. Кездесу соңында Василий Левит оқушылармен естелік суретке түсіп, автограф берді.

КОНКУРСТА ТОП ЖАРДЫ

№92 мектеп-лицейде кәмелетке толмағандардың құқықтық сауатын арттыруға бағытталған «Заң мен тәртіп – Адал азамат жолы» конкурсының III кезеңі өтті.



Профилактикалық іс-шара Астана қаласының прокуратурасы мен елорда әкімдігі тарапынан «Заң мен тәртіп» идеологемасы аясында ұйымдастырылды. Конкурсқа қаланың 6 ауданынан 18 жалпы білім беретін мектептің командалары қатысты. Оларға өмірлік жағдайларға негізделген, құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты өзекті мәселелер бойынша кейстік тапсырмалар ұсынылды. Қатысушылардың жұмыстарын прокуратура, полиция, Білім басқармасы, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, сондай-ақ әкелер кеңесі мен әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия өкілдерінен құралған қазылар алқасы бағалады. 18 мектептен 180 оқушы қамтылған іс-шара нәтижесінде жоғары ұпай жинаған 12 команда келесі кезеңге жолдама алды.

ҚАУІПСІЗДІГІҢДІ БІЛ, ҚҰЛЫНЫМ!

«Адал азамат» бағдарламасы, сондай-ақ «Заң мен тәртіп» акциясы аясында №96 мектеп-гимназияда «Қауіпсіз маршрут» атты интерактивті іс-шара ұйымдастырылды. Онда төтенше жағдайларға тап болған уақытта тығырықтан қалай шығу керектігі, кибералаяқтардың арбауына түспеу үшін не істеу қажеттігі түсіндірілді.

– Бұл кездесуді балалардың ақпараттық сауатын арттыру мақсатында өткіздік. Арнайы мамандарды шақырып, жолда өзін ұстау ережелері, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер, гаджеттерді пайдалану барысында сақ болу, SMS-хабарламалар арқылы келетін күмәнді сілтемелерді баспау керектігі жөнінде түсіндірме жүргізілді. Ең бастысы, әр бала заң аясында өз құқығын білуі тиіс. Осы мақсатта сот жүйесі мен ювеналдық полиция қызметкерлерін де шақырдық, – деді №96 мектеп-гимназияның тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Айжан Аринова.



Оқушылар шақырылған қонақтарды мұқият тыңдап, олардың практикалық әрекеттерін қызыға тамашалады. Сонымен қатар оқушыларға мектеп ауласында өрт сөндіру техникасы көрсетіліп, өрт сөндірушілердің өртті сөндіру кезіндегі жұмысы таныстырылды.

– Тәжірибелі мамандардың білігі, олардың өз жұмысына деген ерекшелігі – бізге үлкен сабақ. Әр дүйсенбі сайын сынып жетекшіміз осы тақырыптарға арналған сынып сағатын өткізеді, – деп әсерімен бөлісті 11-сынып оқушысы Ақерке Ержанқызы.

Кездесу соңында белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.


Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті «Заң мен тәртіп» жобасы аясында №42 «Бәйшешек» балабақшасында іс-шара ұйымдастырды. Департамент қызметкерлері «Бәйшешек» балабақшасының ата-аналарымен кездесіп, «Қаржылық қауіпсіздік» тақырыбында әңгіме өрбітті.

АЛАЯҚТАРДАН АБАЙ БОЛ!

Іс-шараның мақсаты – халықтың қаржылық қауіпсіздік деңгейін арттыру және құқықтық сауатын көтеру. Кездесу барысында Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті ұйымдастыру-бақылау басқармасы басшысының орынбасары Айсұлу Жалғасова қаржылық қауіпсіздік әрбір азаматтың өміріндегі маңызды аспектілердің бірі екеніне тоқталды.

– «Заң мен тәртіп» мемлекеттік тұжырымдамасын іске асыру аясында халыққа арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жалғасып келеді. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және алаяқтық схемалардың көбеюі алаңдатып отыр. Осы мәселелердің алдын алу үшін жұмыстанудамыз, – деді ол.

Іс-шара соңында мамандар елордалықтарды алаяқтардың арбауына түспеуге және күмәнді әрекеттер туралы құқық қорғау органдарына жедел түрде хабарлауға шақырды.



ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА ЖОЛ ЖОҚ

Бас қалада құқық бұзушылықтың беті қайтпай тұр. Былтыр Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 559-бабының 5-тармағы бойынша 46 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталған. Ал жыл басынан бері олардың саны 3 мыңнан асқан. Алайда аталған фактілер бойынша кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Елордада жалған терроризмнің алдын алуға ерекше назар аударылуда. Азаматтарға «әзіл» ретінде қабылданатын көрінеу жалған хабарламалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 273-бабы бойынша қылмыстық жауапқа әкеп соғатыны түсіндіріледі. 2025 жылы осындай 15 дерек тіркелсе, 2024 жылы 24 дерек есепке алынған. Осыған орай, «Заң мен тәртіп» апталығы аясында ақпараттық жұмыс жүргізу шеңберінде Астана көлік прокуратурасы Астана станциясындағы ЖПБ-мен бірлесіп, «Нұрлы жол», «Астана-1» теміржол вокзалдарында жолаушылар пойыздарында республикалық «Приемная на колесах» акциясын өткізді.

– Жүйелі профилактикалық жұмыстың нәтижесінде мұндай қылмыстардың азаю үрдісі байқалады, алайда бұл құқық бұзушылықтар санаты өзектілігін әлі де сақтап отыр. Сонымен қатар азаматтардың теміржол жолдарынан белгіленбеген орындар арқылы өту фактілері анықталуда, бұл өмір мен денсаулыққа қауіп төндіреді. «Заң мен тәртіп» идеологемасын іске асыру аясында көлік прокуратурасы органдары көліктегі полициямен бірлесіп, елдің барлық өңірін қамтитын республикалық деңгейде ауқымды құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді бастадық. Іс-шара барысында азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға және көлік инфрақұрылымы бұзушылықтардың құқықтық салдары түсіндіріледі, – деді Астана көлік прокурорының орынбасары Нұржан Құрманалин.

Жүргізіліп жатқан жұмыс ең алдымен құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған. Айталық, елде қоғамдық тәртіпті сақтау мәселесі өзекті. Вокзалдар, әуежайлар және автовокзалдар қоғамдық орындарға жатады.

– Статистикаға сәйкес, 2025 жылы көлікте қаруды, оның ішінде суық қаруды заңсыз сақтау, алып жүру және тасымалдау бойынша 213 дерек тіркелген, бұл үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілік көзделген. Сондықтан осындай келеңсіздіктер болмас үшін жолаушылармен жолығып, оларға заң аясында барлық құқығы түсіндірілді, – деді Астана көлік прокурорының орынбасары Нұржан Құрманалин.

Бетті дайындаған **Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ**

ТАҒДЫРДЫ АЙҚЫНДАЙТЫН ТАҢДАУ

Астана қаласы Байқоңыр ауданындағы №119 мектепте жоғары сынып оқушыларына арналған «Заң және шабыт: тағдырды айқындайтын таңдау» тақырыбында профилактикалық кездесу өтті. Оны Астана қаласының Білім басқармасы және Психологиялық қолдау орталығы аталған аудан прокуратурасымен бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараны Астана қаласы Білім басқармасы қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Сұлтан Иманжан ашып, жастармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстардың маңызына тоқталды. Байқоңыр ауданы прокуратурасының өкілдері «Заң – жаза емес, қорған: құқықтар дұрыс таңдау жасауға қалай көмектеседі?» тақырыбында сөз сөйлеп, жасөспірімдердің құқықтық жауапкершілігі туралы түсіндірді.

«Заңды білу – тек жауапкершіліктен қорғану емес, өз болашағыңды дұрыс бағытта құрудың құралы. Әрбір жас өз құқығын түсініп, саналы таңдау жасай алуы тиіс» деді Байқоңыр ауданының прокуроры Әйгерім Әбдіғалиқызы.

Мектеп директоры Гүлжан Алдажар мектеп оқушылар үшін қауіпсіз әрі саналы таңдау кеңістігі екенін атап өтті.

«Мектеп – тек білім беретін орын емес, тұлға қалыптасатын орта. Біз оқушылардың өз мүмкіндігін танып, дұрыс бағыт таңдауына әрдайым қолдау көрсетуге дайынбыз» деді ол.

Кездесу аясында «Q-Arts Production» продюсерлік үйі түсірген, жасөспірімдердің өздері қатысқан «Әнші» атты қысқаметражды фильм көрсетілді. Фильм жас көрермендерді өз-өзін табуға, шығармашылық арқылы ой еркіндігі мен жауапты өмірлік таңдау жасауға үндейді. Соңында спикерлер оқушылармен ашық форматта пікір алмасып, құқықтық сауат, жеке таңдау, өмірлік құндылықтар мен психологиялық тұрақтылықтың табысты болашақ қалыптастырудағы маңызы туралы ой бөлісті.

№11 (4909) 29/01/2026 Бейсенбі

ҚЫЗЫЛША ҚАЙТА БЕЛЕҢ АЛДЫ МА?

Аталған мәліметтер қоғамдық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында жарияланды. Жиынға Астананың бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Айгүл Шағалтаева, штаттан тыс бас балалар инфекционисі Динагүл Баешева және штаттан тыс бас педиатр Дана Әбілғазина қатысып, эпидемиологиялық ахуалдың негізгі себептері мен алдын алу шаралары туралы жан-жақты ақпарат берді.



Астана қаласында қызылшаға байланысты эпидемиологиялық жағдай күрделі күйінде қалып отыр. Жыл басынан бері елордада аталған жұқпалы ауруға қатысты 384 алғашқы жағдай тіркеліп, оның 234-і зертханалық жолмен расталды. Мамандар бұл деректерді инфекцияның қала аумағында белсенді таралып жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш ретінде бағалап отыр.

СЫРҚАТ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Ресми деректерге сәйкес, расталған жағдайлардың басым бөлігі балалар арасында тіркеліп отыр. Атап айтқанда, 234 жағдайдың 218-і немесе 93,2 пайызы – 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі. Бұл балалар арасындағы ұжымдық иммунитеттің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ал жас ерекшелігі бойынша алғанда, сырқаттанғандардың 14 пайызы – мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалар, 7 пайызы – мектеп оқушылары, 5 пайызы – студенттер. Қалған шамамен 10 пайызы екпе алмаған немесе иммундық жүйесі әлсіреген ересектер арасында анықталыпты.

Мамандардың айтуынша, балалар баратын мекемелерде ұзақ уақыт тығыз қарым-қатынаста бірге болу инфекцияның тез таралуына ықпал етеді.

Эпидемиологиялық талдау қызылшаға шалдыққандардың 93,5 пайызы, яғни 219 адам вакцинациядан өтпегенін көрсетті. Оның ішінде 61,5 пайыз жағдайда ата-аналар екпеден саналы түрде бас тартқан. Сонымен қатар науқастардың 26,5 пайызы – вакцина салдыру жасына әлі жетпеген балалар.

Дәрігерлердің айтуынша, вакцина жасына жетпеген сәбилердің қорғанысы тікелей қоғамдағы ұжымдық иммунитет деңгейіне тәуелді. Осыған байланысты вакцинациядан бас тарту – тек жеке отбасының ғана емес, жалпы қоғамның денсаулығына қауіп төндіретін фактор.

ҚЫЗЫЛША – ҚАУІПТІ ИНФЕКЦИЯ

Қызылша – әлемдегі ең жұқпалы вирустық инфекциялардың бірі. Екпе алмаған адам науқаспен байланыста болған жағдайда, 90-95 пайыз жағдайда жұқтырады. Вирус ауа-тамшы жолымен таралады және жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде оңай беріледі. Сонымен қатар жабық ғимарат ішінде екі сағатқа дейін сақталу қасиетіне ие. Ауру әсіресе ерте жастағы балалар, жүкті әйелдер және иммунитеті әлсіреген адамдар үшін аса қауіпті. Қызылша ауыр асқынуларға, соның ішінде пневмонияға, отитке, энцефалит пен менингоэнцефалитке әкелуі мүмкін. Кейбір жағдайларда бірнеше жылдан кейін дамитын панэнцефалит тіркеліп, ол өліммен аяқталуы ықтимал.

Мамандар қызылшаның алдын алудың жалғыз әрі сенімді жолы вакцинация екенін атап өтеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, инфекцияның таралуын толық тоқтату үшін халықтың кемінде 95 пайызы екпе алуы қажет. Бұл деңгейде ғана тұрақты ұжымдық иммунитет қалыптасады.


Қазақстанда қызылшаға қарсы вакцинация Ұлттық екпе күнтізбесі аясында жүргізіледі. Алғашқы доза 12 айлық кезде, екінші доза 6 жаста салынады. Вакцинаның тиімділігі 95 пайыздан жоғары және оның қауіпсіздігі халықаралық медициналық зерттеулермен дәлелденген.

Қазіргі уақытта Астана қаласының емханаларында жоспарлы вакцинациядан өтпей қалған балалар мен жасөспірімдерге арналған вакцинация жүргізілуде. Сонымен қатар қызылшамен ауырған науқаспен байланыста болған адамдарға 72 сағат ішінде шұғыл иммундау ұсынылады. Бұл шаралар ауруды болдырмауға және инфекцияның одан әрі таралуын тежеуге бағытталған. Денсаулық сақтау саласының мамандары ата-аналарға вакцинация алдында баланың жалпы денсаулық жағдайын, созылмалы ауруларының бар-жоғын және бұрын болған вакцинация реакцияларын ескеру қажеттігін де еске салады.

> Эпидемиологиялық талдау қызылшаға шалдыққандардың 93,5 пайызы, яғни 219 адам вакцинациядан өтпегенін көрсетті. Оның ішінде 61,5 пайыз жағдайда ата-аналар екпеден саналы түрде бас тартқан. Сонымен қатар науқастардың 26,5 пайызы – вакцина салдыру жасына әлі жетпеген балалар

БАЛАЛАР ТРАВМАТОЛОГИЯ ПУНКТІ АШЫЛАДЫ

Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының базасында Астанада көптен күткен балалар травматология пунктін ашуға дайындық жүргізілуде. Ақпан айының соңында 520 мың тұрғынға есептелген балалар травматологиясының жаңа бөлімшесі пациенттерді қабылдай бастайды.



2025 жылдың қорытындысына сүйенсек, Астана қаласы бойынша жарақат алған балалардың медициналық көмекке жүгінуі 15,8%-ға, яғни 97333-тен 112775 жағдайға дейін өскені байқалады. Балалар жарақат алған жағдайда, медициналық көмекке қол жеткізудегі шектеулер күн тәртібінен түскен емес. Қолданыстағы травматикалық пункттерге үлкен жүктеме түсіп, тәулігіне дәрігерлер 350-ден астам кішкентай пациенттерді қабылдайды. Мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін қазір кадрлық, ұйымдастырушылық мәселелер шешілуде. 11 анестезиолог-реаниматолог, балалар травматологиясы және басқа да мамандар жұмысқа орналасты. Алда ауруханың балалар корпусында кірме жолдар, палаталар мен реанимация бөлімшелерін заманауи стандарттар бойынша техникалық жарақтандыру көзделген.

Бетті дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

Соңғы жылдары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне бөлінетін қаражат көлемі айтарлықтай ұлғайды. Мемлекет денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды басым бағыттардың бірі ретінде айқындап, триллиондаған теңге бөлді. Алайда жүргізілген кешенді тексерулер бұл қаржының тиімді жұмсалуы мен нақты нәтижелер арасында үлкен алшақтық бар екенін көрсетті.

МӘМС-тің МӘНІ: ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Үкіметтің тапсырмасымен жүргізілген талдау жеке медициналық ұйымдарды қаржыландыруда жүйелі заң бұзушылықтардың қалыптасқанын анықтады. Соның нәтижесінде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын Қаржы министрлігінің қарамағына беру туралы шешім қабылданды. Бұл қадам медициналық сақтандыру жүйесіне деген сенімді қалпына келтіруге бағытталған институционалдық шара ретінде бағаланып отыр.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, 2026 жылы МӘМС жүйесіне бағытталатын шығын көлемі 2,4 трлн теңгеге жетеді. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда шамамен 1 трлн теңгеге артық. Соған қарамастан, қор қызметінің тиімділігі төмен.

Мәселен, 2020 жылдан бері қордың жинақталған инвестициялық табысы 588 млрд теңгені құраған. Тек 2025 жылдың өзінде бұл көрсеткіш 195,9 млрд теңгеге жеткен. Алайда аудит нәтижелері қаражаттың елеулі бөлігі медициналық қызмет көрсетуге емес, қор активтерінде жинақталып отырғанын көрсетті. Яғни қаржы айналымда болғанмен, оның пациентке жету механизмі әлсіз.

Ақпараттық жүйелерге жүргізілген IT-аудит денсаулық сақтау саласындағы ең өзекті мәселенің бірі жалған есеп жүргізу екенін айқындады. Кейбір медициналық ұйымдарда тіркелген пациенттер саны нақты қызмет алған адамдардан едәуір көп болып шыққан. Нәтижесінде қызмет көрсетілмеген адамдар үшін де төлем жүргізілген. Сонымен қатар бір медициналық қызметтің бір мезгілде МӘМС қоры және жұмыс берушілердің ерікті медициналық сақтандыруы арқылы қаржыландырылған жағдайлар анықталды. Жекелеген фактілерде бір пациенттің бір уақытта екі медициналық ұйымның базасында қатар тіркелуі белгілі болды.

Тексеру барысында тіркелген кейбір деректер жүйенің формалды есепке тәуелді болып кеткенін көрсетеді. Неге десеңіз, бір жекеменшік клиника бір күнде 1400-ден астам пациент қабылдаған. Ал кейбір дәрігерлердің бір айда бірнеше мың науқасқа қызмет көрсеткені тіркелген.

Ең алаңдатарлығы, қайтыс болған азаматтарға да медициналық қызмет көрсетілгені туралы деректер бар. Сондай-ақ аудит нәтижелері пациенттің жынысына сәйкес келмейтін скринингтердің жүздеген мыңын анықтады. Балаларға арналған дәрі-дәрмектерді есептен шығару кезінде де жүйелі бұрмалаулар тіркелгені дәлелденген.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев МӘМС қорын Қаржы министрлігінің қарамағына беру туралы Үкімет шешімін қолдап, әлеуметтік салаға бөлінген қаржының мақсатсыз жұмсалуына жол берілмейтінін атап өткені белгілі. Енді барлық қаржы ағыны қатаң бақылауға алынып, денсаулық сақтау жүйесіндегі бизнес-процестер толық цифрландырылуы тиіс. Өйткені МӘМС жүйесінде анықталған заң бұзушылықтар жекелеген кемшіліктер емес, ұзақ уақыт бойы жиналған жүйелі мәселе екені даусыз. Қорды Қаржы министрлігінің қарамағына беру – бұл проблемаларды шешудің алғашқы қадамы ғана. Ал түпкі нәтиженің қалай болатынын алдағы уақыт көрсетеді.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН НЕГЕ САҚТАМАЙДЫ?

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Соңғы 5 жылдағы сандық деректерге үңілейік: 2021 жылы елімізде 9722 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, 2022 жылы 10258-ге жетті. 2023 жылы 9869 апат орын алды. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш бір-ақ жылда күрт өсіп, 19302-ні құрады. 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларының өзінде 26127 жол апаты тіркелген.

Өткен жылдың алғашқы 9 айының өзінде 1699 адам жол үстінде қаза тапты. Яғни күн сайын 5 адам үйіне аман оралмаған. Одан бөлек, қаншама адамның денсаулығына зақым келіп, мүгедек болып қалды. Тағы қанша отбасы өз мүшесін жоғалтып, қанша бала жетім қалуы керек? Бұл сұрақтарға біз сирек үңілеміз.

Жол апатының басты себебін іздегенде біз көбіне техниканы, табиғи факторларды, жол сапасын алға тартамыз. Алайда мұның ақиқаты біреуақ. Апаттардың басым бөлігі – адам әрекетінің салдарынан. Жылдамдықты асыру, қарсы жолаққа шығу, мас күйінде көлік жүргізу, телефонға алаңдау, жаяу жүргіншіге жол бермеу. Осының бәрі – жауапсыздықтың көрінісі. Болып жатқан қайғылы оқиғалар жол ережесін білмеудің емес, біле тұра сақтамаудың әсерінен.

Елімізде автокөлік саны соңғы жылдары бақылаусыз өсіп барады. Нарық кеңейді, көлік қолжетімді болды. Қытайдан, Кореядан, Еуропадан келетін автокөліктердің бағасы арзандап, халық жаппай көлік мінуге көшті. Бір үйде бір емес, екі-үш көлік тұруы қалыпты жағдайға айналды. Бірақ көлік көбейгенмен, жауапкершілік артқан жоқ.

Ресми деректерге сүйенсек, бүгінде Қазақстанда 5,8 миллионнан астам автокөлік тіркеуде тұр. Ал тіркеусіз жүрген көліктерді есепке алсақ, нақты сан бұдан да көп. Жол инфрақұрылымы бұл жүктемеге дайын емес. Қалалардағы жолдар тар, тұрақтар жетіспейді, қозғалыс жүйесі ескірген. Ал аудандық, ауылдық жерлерде жол сапасы сын көтермейді. Осындай жағдайда апаттың көбеюі – заңдылық.

Бұл мәселе Мемлекет басшысының да назарынан тыс қалған емес. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында елімізде соңғы 5 жылда автокөлік саны 1,7 миллионға артқанын атап өтті. Бұған қоса, жыл сайын шамамен 3 миллион транзиттік көлік Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Бұл еліміздің жолдары тек ішкі емес, халықаралық жүктемені де көтеріп отырғанын білдіреді. Ал транзиттік көліктердің қозғалысы артқан сайын қауіп те көбейеді. Бірақ мәселенің ең түйінді тұсы – жол мәдениетінің әлсіздігі. Бізде рульге отырған адамда өзін заңнан жоғары қоятын әдет бар. «Үлгеру керек», «ештеңе болмайды», «бәрі солай жүріп жатыр» деген түсінік қалыптасқан. Ал бұл ойдың соңы – апат. Жолда артықшылық сұрайтын ешкім жоқ. Жол бәріне ортақ. Бірақ осы қарапайым қағиданы түсіну бізге әлі қиын.



> Бүгінде еліміздегі жол-көлік оқиғалары қордаланған мәселеге айналды. Көлік қақтығысынан жыл сайын мыңдаған адам қаза болады. Бірақ біз бұл қасіретке дағдыланып, кәдуілгі үйреншікті жайт ретінде қабылдап алғандаймыз. Қаралы хабар естісек, бір сәт елең етеміз де, артынан «тағы бір апат екен» деп өте шығамыз. Міне, ең қауіптісі – осы бейқамдық.

Кейде жолдағы қайғылы жағдайды «жазатайым оқиға» деп атауға тырысамыз. Бұл – өзімізді алдаудың бір түрі. Себебі жазатайымдық – алдын алуға болмайтын жағдай. Жол апаттарының басым бөлігі алдын алуға болатын қателіктерден туындайды. Демек, бұл дегеніміз – тағдырдың емес, адамның не дұрысты, не бұрысты таңдауында.

Ішкі істер министрлігі соңғы жылдары жол қауіпсіздігін күшейту бағытында нақты қадамдар жасады. Камералар орнатылды, автоматтандырылған бақылау жүйелері енгізілді, айыппұл мөлшері артты. Бұл іс-шаралар қоғамда әртүрлі пікір тудырды. Бірі «қалта қағу» десе, бірі «тәртіпке үйрету» дейді. Бірақ бір анықты аңғару керек: заң қатал болмаса, тәртіп те болмайды. Дегенмен айыппұлмен ғана мәселе шешілмейді. Өйткені заң – орындалуы керек қағидаттар мен нормалар. Ал тәртіп – үлкен жауапкершілік. Егер адам өз-өзін тоқтата алмаса, оны камера да, айыппұл да жөнге сала алмайды. Сондықтан жол қауіпсіздігі – тек полицияның емес, отбасының, мектептің, қоғамның мәселесі.

26127 БЫЛТЫРҒЫ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК АЙЛАРЫНДА ТІРКЕЛГЕН ЖОЛ АПАТЫ

5,8 млн БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША ТІРКЕУДЕ ТҰРҒАН АВТОКӨЛІКТЕР САНЫ

3 млн ЖЫЛ САЙЫН ОСЫНША ТРАНЗИТТІК КӨЛІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕДІ

3000 АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛОРДАМЫЗДА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР ОСЫНША ӨСЕДІ



Тағы бір алаңдатарлық мәселе – жас жүргізушілер. Куәлікті формалды түрде алу, тәжірибенің аздығы, қуатты көлікке бірден отыру – қауіптің негізгі көзі. Бұған қоса, әлеуметтік желі үшін рульде отырып видео түсіру, тікелей эфирге шығу секілді қауіпті әдеттер пайда болды. Көңіл сергітуге бет бұрып, арты қайғымен аяқталмасын...

Жолдағы жауапкершілік тек жүргізушіге ғана артылмауы керек. Белгіленбеген жерден өту, құлаққап тағып, телефонға үңілу, түнде жарықсыз жүру жаяу жүргіншінің де өміріне қауіп төндіреді. Жол – ортақ кеңістік. Ал ортақ кеңістікте жауапкершілік те ортақ болуы тиіс.

Тағы бір өткір мәселе – қоғамдық көлік қауіпсіздігі. Соңғы жылдары автобустардың қатысуымен болатын жол апаттары жиілеп кетті. Жүргізушілердің шамадан тыс жүктememен жұмыс істеуі, демалыс режимінің сақталмауы, техникалық тексерістердің формалды түрде өтуі – мұның бәрі қауіптің ұлғаюына әкеледі. Қоғамдық көлік – мыңдаған адамның тағдырына тікелей әсер ететін сала. Бірақ біз бұл мәселеге көбіне апаттан кейін болар іс болып, бояуы сіңген соң ғана назар аударамыз.

Елордадағы жағдай да ойландырмай қоймайды. Астанаға жыл сайын 100 мыңға жуық адам көшіп келеді. Бұл – көлік санының жыл сайын артуы деген сөз. Қалада 450 мыңнан астам автокөлік тіркелген. Оған қоса, күн сайын қала маңынан келіп-кететін және транзитпен өтетін 100 мыңға жуық көлік бар. Осындай тығыз қозғалыс жағдайында күн сайын 100-ге жуық жол-көлік оқиғасының тіркелуі қалыпты құбылысқа айналып отыр.

Қоғамдық көлікке сұраныс та артып келеді. Автобус мәселесіне қатысты қала әкімі Жеңіс Қасымбек жыл соңындағы қорытындысында «Біздің есебіміз бойынша дәл бүгінгі таңда тағы қосымша 1 мыңдай автобус керек. Алдағы 2-3 жылда автобустар саны 2500-3000-ға дейін барады. Былтыр күзде күніне қоғамдық көлікпен жүретін елордалықтар саны 850 мың адам еді. Ал биыл күніне 1 млн 150 мың адам автобуспен жүреді» деп мәлім етті. Әрине, бұл – жақсы жаңалық. Бірақ қауіпсіздік мәселесі қатар шешілмесе, автобустар санының артуы апат санын азайтпайды.

«Көлік апаты оқиғалары көбіне күзден қысқа, қыстан көктемге ауысар шақта орын алады. Аталған бірінші кезеңде жүргізушілер көліктің дөңгелегін ауыстырмау салдарынан жол-көлік қақтығысы қар жауған күні-ақ күрт өседі. Бұл қамсыздықтың салдарынан. Ал екінші кезең – қыстан кейін қар еріп, жол жылпылдақ мұз болып жатқан шақ. Бұл кезеңде аса сақ болмаса өте қиын. Қыс мезгіліндегі жағдайды түсінуге болады. Бірақ жолда жауапкершілік жоғары болуы тиіс. Бір сәтке салғырттық танытуға болмайды. Алаң-елең етіп, әрнені ойлау жүргізушіге бір күні зиянын тигізері анық» дейді елордадағы техникалық байқау станциялары қызметкерінің бірі Жандос Айдарханұлы.

Бүгінгі таңда жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізу қажет. Ақылды бағдаршамдар, қауіпті аймақтарды алдын ала анықтайтын жүйелер, қозғалысты болжайтын цифрлық платформалар сынды. Мұның бәрі апат санын азайтуға көмектесе алады. Бірақ техника құрал екенін ұмытпау керек. Бұл мәселедегі түпкі шешім – адам санасында.

Біз жолдағы тәртіпті әлі күнге дейін уақытша науқан ретінде қабылдаймыз. Бір ай тексеру күшейеді, бір айдан соң бәрі ұмытылады. Ал өмір қауіпсіздігі науқанға тәуелді болмауы тиіс. Жолдағы тәртіп күнделікті жол-көлік мәдениетіне айналуы керек. Болып жатқан апаттар сандық дерекке ғана айналып қоймасын.

Тоқетері, жол-көлік апаты – белгілі бір саланың кемшілігі емес, тұтас қоғамның дерті. Заң бар, бақылау бар, техника бар. Бірақ ең маңыздысы – сана қай деңгейде екені. Әр жүргізуші рульге отырған сәтте тек өз өмірін ғана емес, өзгенің де тағдырын арқалап отырғанын сезінгенде ғана жағдай жақсарады. Әйтпесе жол үстіндегі жанайқай әлі талай рет құлағымызды тырнап, өкініш өзегімізді өртей берері анық.

ДӘСТҮР ДӘРІПТЕЛМЕСЕ, САЛТ САНАДАН ӨШЕДІ

> Дәстүр дәріптелмесе, рух әлсірейді. Қай заманда да ұлттың ұлт болып қалуы оның тіліне, дініне, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарына тікелей байланысты. Алайда бүгінгі қоғамда осы асыл мұраларымыздың мәні әлсіреп, күнделікті өмірде екінші орынға ысырылып бара жатқаны алаңдатады.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Заман жаңарып, адам баласының санасы сілкінгенмен, жаһандану дәуірі адамзатқа жаңа мүмкіндіктермен қатар, үлкен сын-қатер де ала келді. Жасыруға болмас ақпараттың ағымы, батыс мәдениетінің басым ықпалы, желілердегі жат үрдістер ұлттық болмысқа әсер етіп бара жатқанға ұқсайды. Әсіресе жастар арасында ұлттық салт-дәстүрге немқұрайды қарау, ана тілін толық меңгермеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу секілді қасиеттердің сиреуі жиі байқалады. Қазақ қоғамында отбасы тәрбие мектебі еді. Әже тәрбиесі, ата өсиеті, ана әлдиі арқылы ұрпақ бойына ұлттық рух сіңген. Ал бүгін бала тәрбиесі телефонға телінген. Үйреншікті үрдіске айналып барады. Соның салдарынан ұлттық ойындар мен салт-жоралғыларды білмейтін, дәстүрдің мағынасын түсінбейтін ұрпақ өсіп келеді. Ұлт құндылығы ұмыт бола бастады. Дәстүр дәріптеле бермейтін болды. Ұлттық киімдеріміз бен дәстүрлеріміз көбіне тек мерекелік сахналарда немесе ресми іс-шараларда ғана көрініс табады. Ал күнделікті өмірде оларды қолдану сирек.

Белгілі қолөнер шебері Бұлбұл Кәпқызымен тілдескенімізде «Ауыздандыру» дәстүрінен алыстап кеткенімізді аңғардық.

– Бала туғанда туа сала анасының кеудесіне жатқызып, омырауын еміземеді. Ол дұрыс емес. Баланың аузына ең бірінші құйрық май салу керек. Анасының ішінде жатқанда қоректен баланың ішінде тоң қалады. Ал құйрық маймен ауыздандырса, яғни бала майдың дәмін алса, ішіндегі тоң жібиді. Сөйтіп іші тазарады. Бала осыдан соң өмірі ауруға шалдықпайды. Мұны қазақ атамыз білгеннен жасаған. Сондықтан «Ауыздандыру» дәстүрі деп атаған. Бұдан соң жас босанған анаға қалжадан бұрын ішек қарын қайнатып, соның сорпасын беру керек. Ол да ананың ішкі құрылысын тазартады. Содан кейін қалжасын жесе болады. Бұл денсаулық үшін аса пайдалы. Ана мен баланың денсаулығы мықты болуы үшін осындай дүниелер жасалу керек. Өкінішке қарай, бұған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Біз бұл дәстүрлерді отбасымызда ұстанамыз. Бұдан балаларымыз жаман болған жоқ, – дейді Бұлбұл Кәпқызы.

Маманның сөзіне сенсек, тағы бір дәстүріміз тасада қалып бара жатқанға ұқсайды. Бұл – «Төркіндеу» дәстүрі. Қыз бала ұзатылған соң, төркіндеп өз жұртына барады екен. Қыздың туғандары ұлға енші бөліп бергендей қыз балаға да мал беріп, төркіндеп келген қыздың мәртебесін биіктететін көрінеді.

– «Төркіндеу» деген дәстүр болған. Қазір ұмыт бола бастады. Бұл дегеніміз ұзатылған қыз көп жылдардан кейін төркініне барады. Ол жақтағылар қызға мал береді. Яғни қызды малдандырған. Ұлға енші бергені секілді, қыз балаға сол төркіндеу дәстүрінде ұрғашы мал берген. Боталы түйе, құлынды бие деген сияқты. Міне, осы дәстүр дәріптеле бермейді. Ұзатылған қыз баласы төркініне барар кезде жеңгелері арқылы «Төркіндеп барамын» деп хабар беріп отырған. Осы секілді ұлтқа ұрпаққа қажетті дәстүр ұмытылып барады, – деді қолөнер шебері Бұлбұл Кәпқызы.

Дәстүрін қадірлеген ел ғана тамырынан ажырамайды. Сонымен қатар ұлттық құндылық – өткеннің ескірген қалдығы емес, болашаққа апарар рухани бағдаршам. Сондықтан ұлт құндылығын сақтау мен дәріптеу әрбір азаматтың, әрбір отбасының, тұтас қоғамның қасиетті борышы десек қателеспегеніміз. Ұлт құндылығы тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде дәріптелмесе, оның болашағы бұлыңғыр болмақ.

№11 (4909) 29/01/2026 Бейсенбі

ТӨЛЕННІҢ ЖҮРЕК ЛҮПІЛІ

Балалар мен жастарды кітап оқуға баулу үшін бала жүрегіне жол табатын шығармалар көбейсе құба-құп. Өйткені балаларға арналған шығарма – ұрпақтың рухани азығы, болмысы мен тәрбиесінің айнасы. Қазақ балалар әдебиетіне қосылған әрбір жаңа туынды кішкентай оқырманның қиялын ұштап, таным көкжиегін кеңейтеді. Жазушы, журналист-публицист, ҚР Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты, «Astana aqshamy» газетінің шеф-редакторы Төлен Тілеубайдың «Түлкілітаудың аспаны» атты кітабы – дәл сондай шығармалардың бірі. Автордың әдебиет әлеміне жасаған қадамын оқырмандар (әсіресе балалар) жылы қабылдады. Кітапты ықыласпен оқыған жандар БАҚ, әлеуметтік желі арқылы шығармалардан алған әсерімен, ой-пікірімен бөлісуде. Осы орайда кітап оқу мәдениетін қоғамға орнықтыруға үлес қосып жүрген жазушының кітабы туралы оқырмандардың жүрекжарды пікірлерін топтастырып, жариялауды жөн көрдік. Әрбір ой-пайым – кітаптың оқырман жүрегіне жол тапқанының айқын дәлелі.

> «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде. Былтыр 23-інші сәуірде алғаш рет тойланған Ұлттық кітап күнінде қазақстандықтарға жолдаған құттықтауында: «Биыл алғаш рет аталып жатқан Ұлттық кітап күні құтты болсын! Бұл – білімпаздық, ізденімпаздық, кітапқұмарлық сияқты игі қасиеттерді дәріптейтін күн. Кітап оқыған ұрпақ озық ойлы болады. Сапалы ұлт осындай құндылықтар арқылы қалыптасады» деп қоғамды кітап оқу мәдениетіне жұмылуға үндеді.



Берік УӘЛИ,
Абай облысының әкімі:

ҮЛКЕН ТӨЛЕН АҒАМЫЗДЫҢ ЖОЛЫН БЕРСІН!



Белгілі журналист, өз саласы бойынша бірнеше кітап жазған, мамандығына адал Төлен Тілеубай жаңа кітабынан прозаға ат ізін сала бастағанын көруге болады. Кітаптың атауына арқау болған «Түлкілітаудың аспаны» – Төленнің алғашқы повесі. Сондай-ақ жинақта бірнеше әңгімесі де бар. Алғашқы повесінде автор Әмір деген басты кейіпкердің балалық шағы арқылы ауылда өскен әрқайсымыздың өмірімізді көз алдымызға әкеледі. Еңбекке ерте араласқан ауыл баласының өмірін суреттей отырып, қазіргі балалар мен жасөспірімдерге ой салу үшін жазылған шығарма екен. Төленнің прозадағы тырнақалды туындысына көз жүгіртіп, ақпараттық алаңда қамшы салдырмайтын журналистің жаңа қырын байқадым десем болады. Қаламыңа қуат берсін, Төлен! Үлкен Төлен ағамыздың жолын берсін!

Рымбала СМАЙЫЛОВА,
аудармашы, зейнеткер:

ЖҮРЕК ЛҮПІЛІН СЕЗІНДІК



Әр адамның тәтті балалық шағы мен алаңсыз өмірі осы кітапта асқан сүйіспеншілікпен бейнеленген. Ойын балаларының балалықпен жасайтын іс-әрекеттерін, директор үйінің терезесіне тоқылдақ орнатып әйнегін шағып тастаған сотқарлықтарын да жасырмай жазып жіберуі шынайы жазушылық өнерімен берілген. Төленнің туған жерге деген сүйіспеншілігі әр оқырманының елжандылық сезімін оятып бағатындай. Әр тау-тасын суреттеп, шөп шабу науқанын, бүлдірген теру мен сарымсақ қазудың қызығын сипаттағанда табиғаттың, жердің сұлулығын: «...Даланың ауасы қандай керемет! Көкпеңбек шөптің иісі мұрын жарып барады, жолдың екі жағында табын-табын сиыр мен отар-отар қой жайылып жүр, оған жақындағанда шимайбет сиырын көрді...», «...өткір шалғының жүзінен сусылдай сұлаған көк майса...», «...бармақтай-бармақтай қып-қызыл дала бүлдіргені көздің жауын алады, тәп-тәтті иісі аңқиды, дәмі балдай, ауызда еріп кетеді...» деп, көз алдыға табиғаттың картинасын шеберлікпен алып келеді. Осындай далаға баруға кім құштар болмас екен?! Повесть кейіпкері Әмірдің бейнет арқалаған анасына елжірегені, ал анасының мейірлі махаббаты «...Бір сәтте көңілі көк тіреген ана мен бала жанарынан қуаныш ұшқыны шашырап, үйіне қарай алшаң басып бара жатты» деп баласы мен анасының арасындағы сезімді көпірме сөзсіз-ақ, қарапайым тілмен жеткізіпті. Жаны нәзік Әмірдің өзі күшік кезінен асырап қатты бауыр басқан иті қартайып өлгенде қайғырғанын сипаттауы да ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Махаббат араласпайтын өмір де және ол жазылмайтын шығарма да болмайтыны сияқты, Төленнің Әмір кейіпкері де лагерге барып, Данагүлге ғашық боп қалады, олардың бала махаббаты немен аяқталатынын автор оқырманының топшылауына қалдырған екен. Жазушы халық емшілігін де тілге тиек еткен. Повестің соңғы бөлігінде сынықшы Рымғали оның шығып кеткен шыбығын орнына еппен салып бергені айтылып, одан кейін Сұраған әкесінің баласын Түлкілітаудан ауылына алып бара жатқанда: «...артқы жақта жап-жасыл құрақ шөп, бір-біріне жантайған таулар, ақ қайыңды шағын ормандар, Түлкілітаудың аспаны төңкеріліп қалып барады...», «Әке, мен өскенде жазушы боламын. Ауылым туралы шығарма жазамын! деп, іштей өзіне-өзі серт беріп көңіл хошы кемеліне келді» деген тұжырыммен повесть аяқталады. Төленнің де бұл повесінен оның жүрек лүпілін сезіндік.

Айбатыр СЕЙТАҚ,
ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі:

КИНО ТҮСІРУГЕ ДАЙЫН СЦЕНАРИЙ



Төлен Тілеубай әдебиетке бір күнде, бір түнде келе қалған жоқ. Әлемдік және отандық әдебиет әлемін зерттеді, тереңіне үңілді. Ұзақ жылғы дайындықтың нәтижесінде өзі жетік білетін өскен өңірі, балалық шағы туралы жазуды қолға алғаны анық байқалып тұр. Бұл – арлы адамның ісі. «Түлкілітаудың аспаны» – мектеп жасындағы балаларға арнаған туынды. Повестің тілі шұрайлы, күрделі құрмалас сөйлемдер көп кездеспейді. Өмірге, қоғамға бас кейіпкер Әмірдің көзімен қарап, соның таным-түсінігімен ой өрбітеді. Бұл шығарма – ауыл баласының қиялға толы ғажайып әлемі! Артық айтқаным болмас, бұл туынды – кино түсіруге дайын тұрған сценарий. Сондай-ақ бұл кітабына «Ақбөкен жылаған түн» деректі туындысы және «Ақ көгершін», «Гүлсараның махаббаты» әңгімелері енген. Соның ішінде «Ақ көгершін» әсерлі екенін айта кеткен жөн. Газеттің жұмысымен тығыз айналысып жүрген журналист үшін публицистика мен әдеби тілді шатастырып алмау оңай емес. Төлен сол сынақтан өте білген. Адам қандай да бір мақсатына дарынымен қоса көп еңбектенгеннің нәтижесінде жететіні белгілі. Төлен Тілеубай келешекте әдебиеттің көрнекті өкілі атануы үшін де көп оқып, көп тер төгуі қажет. Алдағы уақытта алар асулары биік болады, ұлттық әдебиеттің беделін арттыруға үлес қосады деп сенеміз.

Ерке АЗАТҚЫЗЫ, студент:

ӘРКІМНІҢ ЖҮРЕГІНДЕ ӨЗ ТҮЛКІЛІТАУЫ БАР...

«Түлкілітаудың аспаны» – жазушының балалық шағына айналған сағынышы мен сырлы әлемін көркем тілмен өрнектеген туынды. Төлен Тілеубай балалықты ұмытылмас кезең ретінде сипаттап қана қоймай, оны адам жанын тәрбиелейтін рухани бастау, өнеге мектебі ретінде суреттейді. Балалық шағы ауылда өткен әрбір оқырман бұл шығармадан өзін табады: жаздың жусанды даласын, көктемгі сай-саланы, күзгі жауын астындағы сағымды сағынышты, қыстың аппақ қырларын көреді. Басты кейіпкер – жазушының өзі іспеттес. Оның көзімен ауыл табиғаты, тау мен тас, адамдардың қарым-қатынасы, тұрмысы шынайы бейнеленеді. Әрбір естелік – жүректен шыққан жан сыры. Бұл шығармада баланың табиғатпен және адамдармен қарым-қатынасы – өзімен-өзі сырласуының көрінісі. Шығарманың атауындағы «Түлкілітау» – жай ғана географиялық нысан емес. Бұл – жазушының жан-дүниесіне, балалық арманына айналған қасиетті мекен. Бұл тау арқылы жазушы туған өлкенің қадірін, оның адам өміріндегі орнын көрсетуге тырысады. Түлкілітау – автор үшін ойдың ұясындай, қиялдың самғаған көкжиегі. Түлкілітаудың астындағы ауыл – қазақ даласының бір бөлшегі. Осы ауылда өткен әрбір сәт – ұлттық болмыстың, қарапайым тіршіліктің куәсі. Бұл – қазақы болмыстың, дала философиясының, ұрпақ пен ұлттың арасын жалғаған алтын көпірі. Шығармадағы табиғат тек фон емес. Ол – тірі кейіпкер, кейде сырлас дос, кейде үнсіз ұстаз. Автордың табиғатты сипаттауы – терең психологиялық астарға ие. Аспанның ашықтығы – көңілдің қуанышы, бұлттың қоюлығы – жан толғанысы, жаңбырдың тамшысы – көз жасы тәрізді. Бұл тұста жазушы табиғатты адам жанымен үндестіріп жаза біледі. Жазушы әр гүлдің, әр бұлақтың, әр құстың үнін табиғи суреттеп, оны кейіпкер сезімімен сабақтастырады. Бұл – қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның көркем үлгісі.

Повестегі кейіпкерлер – жазушының өмірінен алынған шынайы бейнелер. Олар – қазақ ауылының тіршілік иелері, бір-бірімен тығыз байланысты, тағдырлас адамдар. Әкесі, шешесі, көршісі, ұстазы, құрдасы – әрқайсысы кейіпкер өмірінде маңызды рөл атқарады. Жазушы оқырманға олардың әрқайсысын сүюге, түсінуге, құрметтеуге мүмкіндік береді. Себебі бұл кейіпкерлер – өмірдің өзіндей шынайы. Автор олардың жүрек лүпілін, ішкі арпалысын шебер жеткізеді. Олар арқылы қазақы тәрбие, үлкенге құрмет, кішіпейілділік пен еңбекқорлық сияқты құндылықтар насихатталады. «Түлкілітаудың аспаны» тек балалық шақты суреттейтін шығарма ғана емес. Бұл повесть – уақыт пен кеңістікті, адамның ішкі хәл-күйін, рухани ізденісін бейнелейтін философиялық туынды. Онда әрбір көрініс, әрбір оқиға ой тудырып, оқырманды терең толғанысқа жетелейді. Төлен Тілеубайдың шығармасында айтылмаған сыр көп. Бірақ дәл сол айтылмаған тұстары оқырманды ойландырады. Себебі нағыз әдебиет – үнемі сұрақ тудырып, үміт сыйлайтын өнер. Төлен Тілеубайдың тілі – қазақы, тұнық, әсерлі. Ол күрделі сөздерге, жасанды көркемдікке үйір емес. Керісінше, оның қарапайымдылығы – шынайылығында. Әрбір сөйлемде сезім бар, сыр бар. Оның прозасы – тап-таза ауадай. Жазушының шеберлігі – оқырманын жалықтырмай, күрделі ойды жеңіл тілмен жеткізе алуында. Авторлық баяндау, ішкі монологтар, табиғат суреттері – бәрі де бір арнаға тоғысып, тұтас бір көркем әлемді құрайды. Бұл – қазақ әдебиетінің терең, ұлттық бояуға толы көркемдік дәстүрінің жалғасы.

Бұл повесть – әр қазақтың жүрегіне жол табатын шығарма. Өйткені әрқайсымыздың да жүрегімізде өз Түлкілітауымыз, өз аспанымыз бар.

Елмира ЖОЛАМАНОВА,
Астанадағы Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейдің директорының орынбасары, зерттеуші-педагог:

ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТҰНЫП ТҰР



Жазулар жүрекке жетті. Өте түсінікті тілмен орамдалған! Жүгіре оқыған көздеріммен таласа ой кетті, оймен жарыса ертегідегідей елестер елиртті. Кітапты оқып отырып, ауылдағы балалық шаққа саяхат жасағандай болдым! Балалар ойнаған ойын түрлері мен тоқылдақ туралы оқи отырып, бір күліп алдым. Түлкілітаудың табиғи байлығын суреттеген тұсы тіптен керемет! Құтты бір мен өсіп-жетілген ауыл маңындағы тауларды меңзеп тұрғандай! Төрт бөлімнен тұратын кітап мазмұны қызығы мен өкінішіне қоса өмір құндылықтарына тұнып тұр! Әр кезеңнің қадірін біліп құрметтеуге, сағындыруға, балаша күлуге және реніш пен сүйіспеншілікке жетелеген «Түлкілітаудың аспаны» атты кітабыңыздан тамаша тербеліс алдым! Бала күнімдегі ауылыма барып қайтуға құштарлық пайда болды.

Сымбат МАҚСАТҚЫЗЫ, студент:

АҚ КӨГЕРШІН

Бұл шығармада адамның сезімдері, құбылыстар керемет суреттелген. Қос ғашықтың табысуы, Саматтың Айжанға бір көргеннен ғашық болуы, Айжанның тартымды қылықтары, т.б. суреттеулер бар. Бұл шығармадағы жағдайды екіге бөліп талдасақ болады: қос ғашықтың бір-бірімен танысып, сөйлескенге дейінгі ойлары және одан кейінгі ойлары. Алғашында Саматтың Айжанды пәк періштедей көріп, идеал санауы оқырманға да жақсы ой салады. Алайда уақыт өте келе танысып-біліскен соң Саматтың Айжанға деген ойы толықтай өзгереді. «Адамға бір көргеннен баға бере алмайсың, уақыт өте келе бірге сапарлас болсаң, бірге тұрсаң ғана оны тани аласың» деген қоғамдық пікірлер осыдан шықса керек. Самат онымен бірге тұрмаса да сол бір кеште жеңілтек, кез келген жігіттің қармағына ілінуге шақ қалатын тұстарын байқады. Бастапқы бейкүнә, нәзік, әдепті Айжан енді оның санасында жоқ. Бұл шығармадан түйеріміз көп. Біріншіден, өмірімізде кез келген әдемі жанды идеал деп санамауымыз қажет. Сыртқы нәзіктігі, сұлулығы көңілге нұр ұялатса да жүрекке жара салар жан дүние болуы мүмкін ол адамда. Екіншіден, қызға тән қылық, жылы шырай болғанымен, өзін әр жігіттің ырқына көндіріп кете беретін жан болса, күндердің бір күні алданып, өмір бойы бармақ тістеп өтуі бек мүмкін. Қыз – бағалы, құнды жаратылыс. Теңіз түбіндегі маржан тастар қалай жасырын болса, қыз да сондай құпия болуы қажет. Көрінгеннің құшағында жүрген қыздың қадірі кетеді, құны жоғалады.

Фатима ЖҰНІСОВА,
ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі:

МЕКТЕП ОҚУЛЫҒЫНА ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ

Менде бала кезден қалыптасқан бір әдет бар. Кітап оқуға арнайы уақыт бөлемін. Кітап қызық болса бас алмай оқып, бастаған күні бітіріп тастауға



тырысамын. Түнде қолыма ала салып, демде оқып шыққан кітабым – «Түлкілітаудың аспаны» болды. Бұл белгілі журналист, жазушы інім Төлен Тілеубайды жаңа қырынан көрсететін кітап екен. Кітаптың маған ұнағаны, тілі жеңіл, жатық. Оқыған адамды бірден өзіне тарта жөнеледі. Бас кейіпкер Әмірдің бойындағы тазалық, еңбекқорлық, мейірім, адалдық оқырманды баурап алады. Жазушы ауыл баласының кішкентай кезінен есейген шағына дейінгі тіршілігін нақты оқиғалармен айшықтап, қызықты етіп суреттейді. Кітапты оқып отырып, өзімнің балалық шағым есіме түсті. Әмір мен әкесінің шөп шабуы, екеуара әңгімесі өз әкемді еске түсірді. Шығармада әке мен ана образы шынайы берілген.

Баланың бас ұстазы – ата-анасы екендігіне осы кітапты оқып отырып, тағы көз жеткізесің. Повесте баласына күндіз-түні ақыл айтып отырған әке-шешені көрмейсің. Олар мандайынан тері сорғалап еңбек етеді, бала соны көріп өседі, кішкентайынан еңбекқорлыққа баулиды. Кітапта табиғат та тамаша суреттелген. Жер-су, тау аттарының шығу тарихы да шеберлікпен баяндалған. Бұл кітапты ата-аналар, мектеп оқушылары түгел оқуы керек. «Түлкілітаудың аспаны» повесін мектеп оқулығына енгізуге болады. Бас кейіпкер Әмірдің бойындағы жақсы қасиеттер жас балаларға үлгі боларлықтай. Жазушы отбасы құндылығын, адал достықты, кітапқұмарлықты, тәлім-тәрбиені кішкене эпизодтармен-ақ шебер жеткізе алған. Әмір мен Данагүлдың арасындағы іңкәрліктің, пәк сезімнің өзі жүрекке ерекше жылылық ұялатады. Бала махаббатқа тілекші болып, әр сөйлемді оқыған сайын үнсіз жымиып отырасың. Арманы асқақ, қиялы ұшқыр Әмір жазушы болуды армандайды. Оны алда үлкен өмір күтіп тұр... Болашақта біз Әмірмен тағы кездесетін сияқтымыз. Повестегі Әмір жай адам емес, жазушы боламын деді емес пе? Әдебиет әлеміне нық қадам басқан Төлен Тілеубай болашақта роман жазады деген үміттемін. Ал сол романда үлкен тұлғаға айналған Әмірді көруіміз де мүмкін ғой. Бұл менің өз ойым. Повесті оқып отырып, тез бітіп қалғанында бұл шығарманың жалғасы болуы керек дедім өзіме. Кітап маған ұнады! Қызыға оқыдым. Әңгімелер де тартымды жазылған. Авторға үлкен шығармашылық табыстар тілеймін!

жылы тиіп, кейіпкердің сағынышы мен толғанысы сезіледі. Оқырман сырттай бақылаушы емес, кейіпкермен бірге ойланатын рухани серіктеске айналады. Көркемдік тұрғыдан шынайылық, туған жерге деген сүйіспеншілік, ата-анаға деген махаббат, өз арманына адалдық сынды қасиеттермен өрнектеп, туған өлке табиғатын әдеби тілмен шебер суреттей білген. Повесте ішкі монолог пен естелік тәсілі жиі қолданылып, кейіпкердің жан дүниесі ашылады. Тілі жеңіл, әсерлі болғандықтан, кітаптағы шығармалар оқырман ретінде ой салып, маған жылы әсер қалдырды. «Түлкілітаудың аспаны» – туған жерге деген мәңгілік сағынышты көркем бейнелеген шығарма. Повесть оқырманды өзінің рухани құндылықтары туралы ойлануға жетелейді. Шығарманың идеясы адам қанша алыстаса да, оның болмысын қалыптастырған рухани тамырларда жатқанын меңзейді. Естелікке құрылған баяндауды, лирикалық шегіністерді шебер қолданған, көркем тілмен, терең оймен жазылған шығарма. Бұл тәсілдер шығарманың эмоциялық әсерін күшейтіп, оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне жақындатады. Түлкілітау рухани сағыныштың символы болса, аспан мәңгілік пен еркіндіктің, адам армандарының символы деп қабылдадым. Аспан өзгермейді, ал адам уақыт өте өзгеріп, балалық шағы естелікке айналады, рухани құндылықтары сол балалық шақтан бастау алып, адамның бүкіл өміріне бағыт беретіні ойға оралады. Повесть – рухани тамырдан ажырамау идеясын терең жеткізген шығарма. Кітап авторы әрі замандасымыз, қаламгер Төлен Тілеубай инемен құдық қазғандай қаламының ұшымен, шынайылығымен, еңбекқорлығымен, журналистика саласына өз үлесін қосып келеді. Сізді әдебиет әлеміне қосқан ерекше туындыңызбен құттықтаймын! Қаламыңыз ұштала берсін қаламгер!

Надира СЕЙДІҒАЗЫМ,
кәсіпкер-ғалым:

МӘҢГІЛІК МАХАББАТТЫ ЖЕТКІЗГЕН ШЫҒАРМА



Бұл кітаптан алған әсерім ерекше болды. «Түлкілітаудың аспаны» повесі оқырманды туған жердің қадірін терең сезінуге, өткен өмірге ой жүгіртуге жетелейді екен. Төлен Тілеубайдың тұңғыш повесі болса да тіл көркемдігі мен идеялық тереңдігі шығарманың сәтті шыққанын көрсетеді. Түлкілітау – кейіпкердің балалық шағы өткен, таза сезімдер мен шынайы өмірі сақталған киелі мекен. Автор табиғат көріністерін кейіпкердің көңіл-күйімен байланыстыра суреттейді. Негізгі ой туған жерге деген сағынышты бейнелегендей әсер қалдырып, оқырман естелікке толы өз балалық шағына саяхат жасайды. Себебі повесть желісі қабылдауға жеңіл, ойға орамды, шынайы өмірден алынған естеліктермен астарласып оқырман қызығушылығын арттыра түседі. Шығармадағы табиғат пен адам жанының үндестігі жүрекке

КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМЫЗ АРТТЫ

Астанадағы Т.Айбергенов атындағы №16 орта мектептің бір топ оқушыларының пікірі:

Іңкәр, 9-сынып оқушысы:
«Түлкілітаудың аспаны» кітабы туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырып, жүрекке жылы әсер қалдырды. Ой салатын, тағылымы мол шығарма үшін алғысымыз шексіз!

Согдиана, 7-сынып оқушысы:
Кітаптағы әрбір оқиға өмірмен үндеседі. Тілі көркем, мағынасы терең. Бұл шығарма бізге үлкен рухани азық болды.

Шыңғыс, 7-сынып оқушысы:
Шығарманы қызығып оқыдым. Кейіпкерлері есте қалады, оқырманды ойлануға жетелейді. Осындай әсерлі кітап үшін рахмет!

Алтынай, 7-сынып оқушысы:
Кітаптан адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды анық сезіндік. Оқуға деген қызығушылығымыз арта түсті.

Аяулым, 7-сынып оқушысы:
«Түлкілітаудың аспаны» – жүрекке жол табатын, тәрбиелік мәні зор шығарма. Авторға оқушылар атынан шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Томирис, 7-сынып оқушысы:
«Түлкілітаудың аспаны» кітабы маған туған жердің қадірін тереңірек түсінуге көмектесті. Әр беті ойға жетелейді, жүрекке жылу береді.

Айлин, 6-сынып оқушысы:
Кітапты оқи отырып, ауыл өмірі мен адам тағдырының шынайы суреттелуіне тәнті болдым. Тілі жеңіл, мағынасы терең. Оқушы ретінде бізге үлкен рухани азық болды.

Жания, 5-сынып оқушысы: «Түлкілітаудың аспаны» – мені ойландырған, әсер қалдырған шығарма. Кейіпкерлері өмірге жақын, оқиғалары жүрекке әсер етеді. Осындай құнды еңбек үшін алғысымды білдіремін.

Алланың бұйрықты күні жетіп, келісімді уақыты бітсе не шара бар?! Қазақ қоғамына, қазақ өнеріне қайырылмас қаза келіп, қара орманы тағы да сиреп қалды. Осыдан қырық күн бұрын өмірден қазақ театр және кино өнерінің шын шебері, асқар таудай асылы, аты аңызға айналған Асанәлі Әшімов ағамыз өмірден өтті деген суық хабар қасиетті қазақ жұртының қабырғасын сөгіп, жүрегін езіп кеткені ақиқат. Елін, жерін балаша жақсы көрген Асанәлісі үшін ата-жұрттың қасиетті топырағының құдіреті қашан да айрықша бөлек еді...



АСАНӘЛІСІЗ ӨТКЕН ҚЫРЫҚ КҮН

Ол туған Отаны мен егемен елін, оның Астанасын жүрегі елжірей жақсы көрді. Ең соңғы сапары да елордаға жасалып еді. Осылайша, дәстүрі дәуірлермен үндесіп, салты сақталған, ордасы бұзылмаған, үні сарқылмаған, базары тарқамаған, күй құдіреті тоқтамаған Ұлттық өнер орны толмас ауыр қазаға душар болды... Қазақтың заңғар тауы да, мөлдіреп аққан суы да, тамылжыған табиғаты да, сыбызғыдай сызылған желі де, төбемізді айналған ақша бұлт та барша өнерсүйер қауымға мұңайып көңіл айтқандай күйде болғаны сөзсіз. Іштей ой санасынан шығармай жүрген қазақ театр өнерінің қабырғалы қарашаңырағы Әкемтеатрдың 100 жылдық ғасыр тойын да көре алмай кетті...

Туған елінің өсіп-өркендегеніне қуанып, жетістігіне марқайып, сәтті ісіне сейіліп, табысына тамсана жүретін Ас-ағамыз енді ортамызда жоқ. Кісілікке кір шалдырмай, Адам деген ұлы атаққа дақ түсірмей өткен Асанәлі Әшімов туған халқының шын жанашыры, нағыз тілеулесі, ерекше тілектесі еді...

Алты алаш есімін ардақтаған, ұлттық өнердің қыранындай болған Асекең өмірден өтті деген суық хабардан есті адам ғана емес, тау теңселіп, сең қозғалып, бұлт көшіп, көктегі қос қанатты құс та мезгілсіз жерге қонып, тұяқты жануар да шайқалып барып, тұра қалғандай болды... Өйткені көздің жауһарындай, көңілдің меруертіндей болған Асанәлінің асқар есімі – бар қазаққа тым қымбат есім еді! Дарабоз актер, талантты режиссер, ойдың кені, зерделі сөздің зергеріндей, айтар жеңіл әзілдің ұстасындай, ақылдың қазынасындай болған ұлы суреткер жарық дүниені де қимай кеткен шығар?! Олай дейтінім, театр мен кино өнерінің қос тізгінін қоса ұстаған Асекең өмірге құштар, құбылысқа құмар, жаңашылдыққа тұмар болған жан еді... Бес күндік жалғанның дүние-керуені өмір жолаушысын өзінің көшелі көшінен қалдырмай оны да алып кетті...

Ол өрнекті өмірде киелі өнердегі жеткен жетістігі мен шыққан биігін өзіне қалқан еткен жоқ, қайта ұлы өнерді дамытуға қалқан болды. Кеудесі толған шерді сыртқа шығармай, адымын абайлап басқан ағамыз бабалардан қалған бекзаттық, сабыр, төзім, қанағат, ар, намыс, ақкөңіл, кеңпейіл, жігер, жомарттық, қайрат сияқты ұлы мектептің іргесін сөгілместей қайта қалап кетті... Өйткені оның аты – Асанәлі, асыл заты – өнер, атасы – сахна, анасы – образ, қимасы – достары, жан дауасы – ұрпағы, тірегі – халқы, тілеуқоры – көрермені, тілеуі – бірлік, тілегі – ынтымақ, кредосы – әділдік, өмірі – өлшеусіз көк құбыла әлем еді...

Ол ортамызда – заманауи театр және кино өнерінің бүтіндей бір ғасырының куәсіндей болып өмір кешті. Асекең ағамыз Қалекей, Елубай, Серке, Қаукен, Қамал, Әмина, Сәбира, Бикен, Шәкен, Әзірбайжан, Нұрмұхан сынды саңлақтардан қалған екі ғасырдағы театр және кино өнерінің жібек жіптей өрілген жалғас арысы еді...

Сексеннің сеңгірінен асқан шағында көкірегіне жарқыратып Алтын жұлдызын тағып, «Қазақстанның Еңбек Ері» атанған Асанәлі Әшімов «тоқсан» деген асауға да бұғалық тастай бастаған қазақ өнерінің күреңі еді... Өнердегі дарабоз тұлғасы еді... Кино және театр өнерін домбыраның қос шегіндей тербеп, құс қонар шыңның басына шығарған хас шебері еді... Құлагердің шабысындай шашасына шаң жуытпаған Асанәлі аға ұлттық өнердің абызы да, қобызы да бола білді. Өйткені ол абыз болып арындады, қобыз болып сарнады. Ботаның жемін жеп, нардың жүгін көтерді! Ол өнер мен азаматтықтың ақша бұлтпен таласқан, ақ сәлде оранған Хан Тәңірдей биік тауы еді...

Асанәлі Әшімов ұлттық өнер әлемінде өз әріптестері арасындағы озық тұрған жайсаң жолда шоқ жұлдыздай жеке дара тұрды. Қасиетті қарт Қаратаудың етегін жайлаған елде дүние есігін ашып, ақ бас Алатаудың топырағына ат байлаған Асекең табанының табы, қайталанбас ізі қалған мына өмірде Табиғат-Ана берген ұлы талантына дақ түсірмей кетті. Қазақ өнерінің тобылғы торысындай сәйгүлігі болған Асекеңе тағдыр «өмір» деген толқыны асау өзенінің армансыз тәттісін де жегізді, ащысынан дәм де татқызды, зарын да естіртті, запыранын да ішкізді. Бірақ, басына бір қайғы бір қайғысын жетелей келгенде де қазақ өнерінің зергеріндей болған тарлан тұлға сынбады. Мойымады. Езілмеді. Еңкеймеді. Бүгілмеді. Өйткені қалың елі мен қара орман көрермені оны қолтығынан демеп, бел омыртқасын түзеп, көз жасын сүртті. Міне, туған халқы осындай күйзелісі көп шақтарда оған тірек болды, қуат берді, еңсесін көтертті!

Үркердей топтың арасында үйдей болып, төрдегі орны төбедей болып көрінетін сол асқаралы Асекең бүгін еңселі елін жылатып, қалың жұртын еріксіз еңкейтіп, тізе бүктіріп, артына қарайламай Алла аманатын өзіне тапсырып, өз әлеміне кетті... Күн астында аспандағы аққуға үн қосқан ықыластың қара қобызының үнімен өскен, қазақ киносының берен Бекежаны мен «атаманы» атанған Асанәлі Әшімов бес күн жалғандағы ақбоз атынан түсіп, ұлы өнерін халқына, өнегесін ұрпағына, тағылымын жұртына, үкісін үйіне, рухты сөзін халқына қалдырып кетті... Бес күн жалған деген осы шығар?!

Ол ит көйлекті қатар киген, шетінен бағлан, шетінен биік, шетінен қайталанбас жан достары Райымбек, Әнуар, Ыдырыс, Есболғандардың артында қалып, шырақшыдай жүріп, өмір кешті. Өмірден ерте өткен достарына бар ғұмырында тағзым етумен өтті. Ол әркез әр пендесіне келер өлімнің хақ екенін іштей терең сезді... Оны мойындады да... Өз күнделіктерінде «ол жақта менің достарым көп...» дегенді көп айтушы еді.

Ол осы өрнегі бұзылмаған, тасқа қашалған, оюы өшпеген өнер мен өмір жолында Қасымхандай кейіпкерін дос, Бекежандай батырды серік, Шыңғыстай тұлғаны өзіне үлгі ете білген жан еді. Тәккаппар мына заманда «Әй, танимысың сен мені, мен қазақтың баласы!» деген тұмардай болған қастерлі сөзді өмірге өнер арқылы қайта әкелген шын шебер, нағыз ұлтжанды азамат еді! Ол замандағы өзі сомдаған кейіпкерлерінің рухын асқақтатып, жанын жауратпаған, сенімін өшірмеген, үмітін үзбеген кемеңгер өнер ұстасы еді!

Әшімовтер әулетінің бас қолбасшысындай болған Асанәлі – әке, Асанәлі – ата, Асанәлі – жар, Асанәлі – бауыр, ағайынның тіргегі, асыл анасы Тәжіхан мен аяулы жары Майрасының, қос қарлығашы Сағи мен Мәдиінің өмірлік жоқтаушысы, ұрпағының тілеуі, бауырларының қамқоры еді. Жаны қиналып жүргенде жанына серік болған Бағдаты мен жүрегін жылытқан кішкентей Асанәлісі оның таусылмайтын симфониясындай болды. Сұлулық пен адалдықты, парасат пен пайымды, тазалық пен бекзаттықты мәңгі тақырып еткен қайран асаудай тулаған Асекең туғанда ел қуанса, ол өмір есігін жапқанда қара жер де амалсыз қимастықпен қиналған шығар...

Бесігі шайқалмаған бекзат өнердің иесі Асанәлі Әшімовтің қиындығы мен қуанышы мол өмір мен өнер жолында дарын мен даңқ, абырой мен атақ қол ұстасып қатар жүрді. Бірақ, ол дарынға тасымай төрге шығарды, даңққа көкірек соқпай қарапайымдық таныпты, абыройды өзіне қалдырып, атақты шын шебер ретінде өз өнерімен көрерменге сыйға тартты! Бұл оның алдына қойған өмірдегі мәңгілік кредосы еді! Бұл қасиеттер оған өнердің соқпағы сансыз ауыр жолдары арқылы жетті! Жай жеткен жоқ, мұзбалақ шыңына шықты! Сол үшін де халқы, мыңдаған көрермені оның өнеріне тамсанып, оның адал жанына серік болып, таза жүргі мен мөлдір пейіліне бас иді! Өзі бес күн жалған өмірден өтсе де, артында талайды тамсандырған ұлы таланты, ұлы образдары, ұлы өнері қалды... Сондықтан да, дара Асанәлі Әшімовтің есімі барша алаш жұртына Алатаудай асқақ, Қаратаудай қастерлі, Ұлытаудай қасиетті, Баянауылдай бағыналы болары ақиқат. Өйткені Асекең Ұлы Даласының үкілі өнерін асқақтатқан, тауларын биіктеткен тау тұлға еді...

Ендігі жерде Ұлы маэстроның өнер әлеміндегі екінші ғұмырының мәңгілік болары шынайы шындық! Артында қалған бай мұраларың арқылы бүгінгі және келер ұрпақ сізді тани жүрері сөзсіз.

Ал бүгін «Қош, асыл аға!» деп жазу қолдан келсе де, қимастық көңілдің сол қадамға жібермей отырғаны-ай... Бірақ әр сөзі өсиет, әр ісі өнеге, шат көңілі толған аманат болған асыл ағаға жабырқаған көңілмен, жас толған жанармен «Қош!» деп айтуға тура келіп отыр... Енді күндік жерге көлеңкесі түсетін Асекеңнің тағылымы мол екінші өмірі, театр-кино әлеміндегі ұлы ғұмыры мен тұлғатану дәуірінің бастаулары ақиқат...

Қырғызәлі ТІЛЕУОВ,
Астана қаласы

№11 (4909) 29/01/2026 Бейсенбі



ТАЯУ ШЫҒЫС ТАҒДЫРЫ – ТАРАЗЫДА

Таяу Шығыстағы геосаяси ахуал тағы да күрт шиеленісті. АҚШ пен Иран арасындағы ондаған жылға созылған текетірес Ирандағы халықтың наразылығынан кейін жаңа әрі аса қауіпті кезеңге аяқ басты. Соңғы апталарда аймақтағы әскери белсенділіктің артуы, саяси риторикаға қатаюы және үшінші тараптардың алаңдаушылығы бұл тек сөз жүзіндегі қақтығыс емес екенін аңғартады. Вашингтон Иранға қысымды күшейтіп, Таяу Шығысқа әскерін жедел түрде шоғырландырып жатыр. Ал Тегеран қатаң ұстанымынан бас тартпай, ықтимал соғыс сценарийлеріне ашық дайындала бастағанын байқатты.

Сарапшылар қазіргі жағдайды әзірге «қорқыту мен сақтану» кезеңі деп сипаттағанмен, аймақтағы кез келген қателік, арандату немесе күтпеген соққы жағдайды бір сәтте-ақ бақылаудан шығарып жіберуі мүмкін. Өйткені бұл – тек екі ел арасындағы дау емес, бүкіл Таяу Шығыстың қауіпсіздік архитектурасына әсер ететін түйінді мәселе.

АҚШ АЛҚЫМНАН АЛА МА?

АҚШ президенті Д.Трамп 26 қаңтарда Ирандағы жағдай әлі де «өзгеріп жатқанын» мәлімдеп, Таяу Шығыс аймағына Венесуэла маңындағы теңіз айдынында тұрған АҚШ күштерінен де ауқымды флот жібергенін айтты. Сонымен бірге ол Иранның шынымен де келісімге келгісі келетінін атап өтті. Axios жаңалықтар сайтының дереккөздеріне сүйенсек, Трамп әлі түпкілікті шешім қабылдамаған. Ол осы аптада қосымша ішкі кеңестер өткізіп, әскери нұсқалар жөніндегі баяндамаларды тыңдауы мүмкін. Сонымен қатар АҚШ әуе күштері 25 қаңтарда Таяу Шығыс аумағында бірнеше күнге созылатын әскери жаттығулар басталатынын мәлімдеді. Жаттығулардың мақсаты – аймақта жауынгерлік авиацияны орналастыру, тарату және үздіксіз ұстап тұру қабілетін көрсету. Бұл былтырғы оқиғаларды еске салады: ол кезде де АҚШ аймаққа теңіз әскерін бағыттап, Израильмен бірге Иранның ядролық нысандарына әуе соққыларын жасаған еді.

АҚШ медиаларының хабарлауынша, Трамп әкімшілігі Иранға қатысты бірқатар әскери сценарийді пысықтауда. Олардың қатарында бірнеше аптаға, тіпті айларға созылуы ықтимал ауқымды әуе операциялары да, сондай-ақ Иранның қауіпсіздік жүйесіне бағытталған, ауқымы шектеулі болғанмен, саяси-символдық маңызы зор соққылар да бар. Бұған қоса, қысым тетігі ретінде жаңа экономикалық санкциялар енгізу нұсқалары да күн тәртібінен түскен жоқ.

АҚШ Иранмен келіссөз жүргізу мүмкіндігін де жоққа шығармайды, алайда бұл үшін бірқатар қатаң талап қойып отыр: Тегеран байытылған уран қорын Вашингтон белгілейтін үшінші елге тапсыруы, уран байытуды толық тоқтатып, бейбіт атомға қажет отынды сырттан алуы тиіс; сонымен қатар орта және алыс қашықтыққа арналған зымырандар санын қысқартып, зымыран бағдарламасын шектеуі, сондай-ақ Ирак, Йемен, Ливан, Сирия мен Палестинадағы прокси күштерді қолдаудан біржола бас тартуы қажет. Бірақ Иран бұған көне қоя ма?

ИРАН ДАЙЫНДЫҚТЫ КҮШЕЙТТІ

Иран билігі АҚШ тарапынан болуы мүмкін соққыны жоққа шығарып отырған жоқ. Керісінше, ел ішінде соғыс жағдайына дайындық күшейді. Президент Масуд Пезешкианның аймақ басшыларына дербес шешім қабылдау құзыретін кеңейтуі – соның айқын дәлелі. Бұл шешім орталық билікке нұқсан келуі мүмкін төтенше жағдайда да елдің басқару жүйесі тоқтап қалмауы үшін қабылданған. Яғни Тегеран Вашингтон тарапынан саяси элитаға немесе әскери басшылыққа бағытталған соққылар болуы мүмкін екенін ескеріп отыр. Мұндай жағдайда өңірлердегі әкімшілік басқару, сауда-саттық, азық-түлік пен энергиямен қамтамасыз ету жүйелері үзілмеуі тиіс. Бұл Иранның соғысқа тек әскери емес, институционалдық тұрғыда да дайындалып жатқанын көрсетеді. Осы ахуал аясында Иранның рухани көсемі, аятолла Әли Хаменеидің қауіпсіз жерге – жерасты бункеріне эвакуацияланғаны туралы ақпарат тарады. Iran International телеарнасының мәліметінше, Хаменеи уақытша өз кеңсесін басқарудан шеттеп, бұл міндетті үшінші ұлы Масуд Хаменеи атқарып отыр. Бұл дерек ресми түрде расталмаса да, Тегеран қауіптің жоғары екенін сезініп отырғанын аңғартады. Иран ішінде де жағдай тұрақты емес. Жалпыхалықтық толқулар, экономикалық қысым, санкциялардың салдары биліктің позициясын әлсіретіп отыр. АҚШ президенті Дональд Трамп бірде қатқыл, бірде жұмсақ мәлімдемелер жасап, Тегеранға психологиялық қысымды күшейтті. Алдымен «егер режим халыққа оқ атса, Иранға соққы жасаймыз» десе, кейін «Иран билігі біздің ескертуімізден кейін жүздеген өлім жазасын орындаудан бас тартты» деп райынан қайтқандай болды. Алайда бұл Вашингтон мен Тегеран арасындағы текетірестің аяқталғанын білдірмейді.

ӘМІРЛІКТЕР НЕГЕ БЕЙТАРАПТЫҚТЫ ТАҢДАДЫ?

АҚШ пен Иран арасындағы текетіресте үшінші тараптардың ұстанымы аса маңызды. Соның бірі – Біріккен Араб Әмірліктері. Абу-Даби Иранға қарсы әскери соққы жасауға жол бермейтінін және ешбір елге логистикалық қолдау көрсетпейтінін ресми түрде мәлімдеді. Бұл мәлімдеме АҚШ әскерінің аймақта көптеп шоғырланып жатқан тұсында жасалды.

БАӘ аумағында АҚШ-пен бірлесіп пайдаланылатын «Al Dhafra» әскери базасы мен «Jebel Ali» порты бар. Әдетте, бұл нысандар американдық әскери кемелер мен ұшақтар үшін негізгі тірек саналады. Алайда бұл жолы Әмірліктер аталған инфрақұрылымнан Иранға қарсы бірде-бір оқ атылмауы тиіс екенін ашық айтты. Бұл ұстаным – Иранды қолдау емес, прагматикалық қауіпсіздік саясаты. Себебі Иран қарымта соққы жасаса, ең алдымен, аймақтағы американдық базалар орналасқан елдер нысанаға ілігуі мүмкін. Абу-Даби аймақтық тұрақтылықты сақтауды алдыңғы орынға қойып отыр. Бұл Таяу Шығыстағы көптеген елдің соғысқа тартылудан қаншалықты қорқатынын көрсетеді.

Бұған дейін Сауд Арабиясы, Қатар және өзге де бірқатар араб мемлекеттері АҚШ-қа дипломатиялық арналар арқылы үндеу жолдап, Иранға қарсы әскери соққы жасаудан бас тартуға шақырды. Олар мұндай қадамның Таяу Шығыстағы онсыз да тұрақсыз жағдайды ушықтырып, аймақтық қақтығыстың кең ауқым алуына әкелуі мүмкін екенін ескертті. Араб елдерінің алаңдаушылығы, ең алдымен, Парсы шығанағындағы қауіпсіздікке, энергетикалық инфрақұрылымның қорғалуына және экономикалық тұрақтылыққа тікелей қауіп төну ықтималдығымен байланысты екені анық.

ЕКІ ТАРАП ТА ЕКІ ӨЛШЕП, БІР КЕСЕДІ

Иран мен АҚШ арасындағы текетірес бүгінде ең қауіпті кезеңге жетті. Қазірше ашық соғыс басталмағанмен, бірақ соған апаратын барлық элемент біртіндеп жинақталып жатыр. Әскери күш көрсету, саяси қысым, ақпараттық соғыс пен психологиялық шабуылдар жалғасуда. Бұл – тек екі елдің ғана емес, бүкіл Таяу Шығыстың тағдырын айқындайтын текетірес. Сондықтан басты сұрақ «соғыс бола ма?» емес, «қашан және қандай форматта?» дегенге ойысып бара жатқандай.

Иран мұнай қоры бойынша әлемде төртінші орында тұр, ал Ормуз бұғазы жаһандық мұнай тасымалының ең маңызды өткелі саналады: күн сайын осы жер арқылы 21 миллион баррель мұнай әлем нарығына жеткізіледі. Сондықтан Иранды бақылау – бір мезгілде әрі энергия қорларын, әрі олардың тасымал жолындағы стратегиялық «тамырды» бақылау деген сөз.

Иран үшін ең басты түйін – АҚШ пен Израильдің жылдам «бас кесу» сипатындағы соққысынан аман қалу. Егер соған қол жеткізсе, Тегеранның қарсылық жасау мүмкіндігі бар. Осы тұрғыда Иран Ливандағы «Хезболла», Йемендегі хуситтер, Ирактағы қарулы топтар сияқты одақтас күштерді АҚШ пен Израильге қарсы іс-қимылға тартуға ұмтылады. Бұл қарсыластарды бір мезетте екі немесе бірнеше бағытта соғысуға мәжбүрлеп, олардың әскери ресурстарын шашырату мақсатын көздейді. АҚШ-тың да Иранға соққы беру мәселесінде өз күмәні мен алаңдаушылығы жоқ емес. Вашингтон ең алдымен соғыстың тізбекті реакция туғызып, өзін ұзаққа созылатын қақтығысқа батырып жіберуінен қауіптенеді, бұл АҚШ-тың Таяу Шығыстағы жалпы стратегиялық жоспарын шайқалтуы мүмкін. Оның үстіне, Ауғанстан мен Ирактағы соғыстардан кейін американдық қоғамда соғысқа деген қарсылық күшейген. Осы жағдайды ескерген Иран үшін басты есеп – ықтимал қақтығысты жергілікті деңгейден аймақтық сипаттағы соғысқа ұластырып, АҚШ пен Израильді шыға алмайтын тығырыққа тіресе ғана жағдай өз пайдамызға өзгере бастайды деген әлсіз үмітпен отыр.

Мына түйін айқын: АҚШ үшін Иранға тікелей соққы беру – тым қымбат тәуекел: бұл Парсы шығанағында кең ауқымды соғысқа ұласып, мұнай нарығын шайқалтады, аймақтық одақтастарды қауіпке итермелейді әрі американдық қоғамның соғысқа деген теріс көзқарасын ушықтырады. Сондықтан Вашингтон әскери күшті қорқыту құралы ретінде сақтап, негізгі салмақты санкциялар, дипломатиялық қысым және шектеулі операциялар арқылы жүргізуі мүмкін.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚОЛБАСШЫ КҮДІКТІ МЕ?

Қытайдың Қорғаныс министрлігі 24 қаңтарда Қытай азаттық армиясының ең жоғары шенді қолбасшыларының бірі Чжан Юсяның «ауыр тәртіптік әрі заңдық бұзушылықтарға» күдікті ретінде тергеуге алынғанын жариялады.



Бұл – Қытай басшысы Си Цзиньпиннің Халықазаттық армиясының жоғарғы басшылығына қарсы жүргізіп отырған кезекті ірі тазалауы. 75 жастағы Чжан Юся – Қытайдың ең жоғары әскери басқару органы саналатын Орталық әскери комиссиясы төрағасының орынбасары, яғни Си Цзиньпиннен кейінгі екінші тұлға. Ол сондай-ақ Қытай Коммунистік партиясы Саяси бюросының мүшесі. Оның әкесі Чжан Цзунсюнь Қытайдағы азамат соғысы кезінде және ҚКП билікке келген алғашқы жылдары Си Цзиньпиннің әкесі Си Чжунсюньмен бірге жоғары шенді қолбасшылар қатарында болған. Чжан Юсяның өзі 1979 жылғы Қытай-Вьетнам соғысына және 1984 жылғы Қытай-Вьетнам шекара қақтығысына қатысқан.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ӘЛЕГІ

Франция балалардың интернет-платформаларға қолжетімділігін шектеу мәселесінде Австралиядан кейін әлемде екінші ел атанбақ. Елде 15 жасқа толмаған балаларға әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салуды көздейтін заң жобасын төменгі палата – Ұлттық ассамблея қолдап отыр.



Франциядағы Ұлттық қауіпсіздік агенттігінің деректеріне сәйкес, бүгінде әрбір екінші жасөспірім смартфонға күніне аз дегенде 2-5 сағат уақытын жұмсап, көбіне әлеуметтік желілерде отырады. Сарапшылардың пайымынша, бұл үрдіс жасөспірімдер арасында мазасыздықтың артуына, өзін-өзі төмендетуге, әлеуметтік желілерде уытты контенттің көбеюіне және балаларды теріс мінез-құлыққа итермелейді.

АЛТЫН БАҒАСЫ АСПАНҒА ҰШТЫ

Алтынның бағасы тағы шарықтады. Бір унциясы «Комекс» биржасында алғаш рет 5 мың доллардан асты. Бұл – 1979 жылдан бергі ең жоғарғы көрсеткіш.



Гренландия төңірегінде туындаған АҚШ пен НАТО арасындағы текетірес, Трамптың сауда саясаты, жаһандағы қаржылық және геосаяси тұрақсыздық алаңдаушылықты күшейтті. Дүниежүзілік алтын кеңесінің деректеріне жүгінсек, әлемде бүгінге дейін жалпы 216265 тоннаға жуық алтын өндірілген. АҚШ Геологиялық қызметінің деректеріне сенсек, қазір әлем бойынша жер қойнауында тағы 64 мың тонна алтын бар. Алтын өндіру бойынша Қытай көш басында. Әлемде өндірілетін бағалы металдың 10 пайызы осы елге тиесілі. Одан кейін Ресей, үшінші орында Австралия. Ірі алтын өндіруші елдер қатарына Қазақстан да кіреді. Кейінгі кезде әлем елдерінің шетел банктеріндегі алтын қорын қайтаруы белең ала бастады. Жақында Германия АҚШ-та сақтаулы тұрған алтын қорын қайтармақшы.

Қоғам мен мемлекет игілігі жолында аянбай еңбек етуді өмірінің басты мақсатына айналдырған жандар бар. Солардың бірі – ел құрметіне бөленген абзал азамат, қоғам қайраткері Амангелді Хамзаұлы Сыздықов.
Бүгінгі күні 80 жастың сеңгіріне шыққан Амангелді Хамзаұлының өмір жолы үлгі мен өнегеге толы.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕР МҰРАТЫ



Ол еңбекке ерте араласты. Отбасындағы он баланың үлкені болғандықтан ерте есейіп, жауапкершілікті сезініп өсті. Әкесі колхоз төрағасы ретінде ертелі-кеш жұмыста жүргендіктен, тұрмыс тіршілігі анасы мен өзіне түсті. Ата-анасына көмекші, бауыр-қарындастарына қамқоршы болуды өзіне міндет санады. Осылайша, болашақ мемлекет қайраткері еңбекқорлықты, төзімділікті, жауапкершілікті бала кезінен бойына сіңірді. 1961 жылы небәрі 15 жасында ол Шортанды ауданына қарасты «Бозайғыр» совхозында еңбек жолын бастады. Бұл Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінің нағыз қызған шағы еді. Жұмыс күші де жетіспей жатқан уақыт. Сондықтан жасөспірімдер де еңбекке тартылды. Ол алғышқыда шөп маялаушы болып, кейіннен трактористі, комбайншы, механизаторлық мамандықтарын игеріп алады. Жасынан алғыр, оқу білімге құштар зерделі жас еңбектің қыр-сырын түсініп, оны енді біліммен ұштастыруды мақсат етеді. Петропавл қаласындағы индустриялды-педогогикалық техникумды бітірген соң, сол оқу орнында өндірістік оқыту шебері ретінде жұмысқа қабылданады. Жас жігіттің табанды, ұйымдастырушылық қабілетін байқаған басшылар оны комсомол партия қызметіне тартады.

Амангелді Хамзаұлы он жылға жуық комсомол, партия саласында жауапты қызметтер атқарды. 1983 жылы Шортанды ауданындағы №15 кәсіптік техникалық училищесіне директорлық қызметіне келгенде отыз жастан жаңа асқан күш қайраты, тәжірибесі мол мықты маман еді. «Жас келсе – іске» дегендей, училищенің оқу тәрбие жұмысы мен қатар оның материалдық базасын жақсартуға күш салды. Өндірісті – шаруашылық негізін нығайтып, училищенің беделін көтерді. Оқушылар түрлі маркалы техникаларды меңгеріп, онымен жұмыс істеуді жетілдірді. Өндірістік объектілерде өздері өндіретін болды. Көп жылдық дәнді дақылдар егіп, қиыршық тастар алатын карьер ашып, оқу орнының базасын нығайтты. Тұрғын үйлер салынды. Оған керекті пиломатериалды өз күштерімен Ресейдің Свердловск облысынан дайындап жеткізетін. Оқу мен өндірісті ауылшаруашылығы техникаларының тілін жетік білуге бағытталған училищенің аты облыс көлемінде алдағы саптан көрінді. Оны бітірген кадрлар шаруашылықтарда инженерлік-техникалық саланы басқарып, қызмет бабында сұранысқа ие болды.

Ал еңбек десе жанып түсетін, қай қиырға салсаң да біліктілігімен, білімділігімен адамдармен тіл табыса білетін іскер ұйымдастырушы Амангелді Хамзаұлы «Шортанды» астық совхозына директорлыққа тағайындалды. Ол жылдар Целиноград облысының Одаққа аты мәлім кезі. Отанға миллиард пұт астық беру керек деген ұраншыл дәуір. Жыл он екі айда бір бітпейтін кезек күттірмейтін ауылшаруашылық науқандар директор үшін сынақ алаңындай дерсің. Бірақ әбден ысылған Әбекең аяғын шалдырмады, сыр алдырмады. Совхоздың бекітілген жоспарлы жұмысынан басқа тың бастамалар жасады. Целиноград ауылшаруашылығы институтының «Ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы-экономист» мамандығы бойынша білім алған Амангелді Хамзаұлы өздері өндіретін ауылшаруашылығы өнімдерінен қайта өңделетін шағын цехтар ашты. Нан пісіретін наубайхана, сүт өнімдерін өңдейтін, сұйық май шығаратын цехтардың тауарлары халықтың сұрасына ие болды. Шаруашылыққа қосымша пайда әкелді. Рационализаторлық жаңалық деген осы деді жұрт. Жаңашыл директор совхоз тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін де қыруар жұмыс атқарды. Тұрғын үйлер бой көтерді. Су жылу, беретін қазандық салынды. Тұрғындары аз саналатын ауылдарға да электр жарығы тартылды. Ел игілігі үшін қыруар жұмыс жасаған еңбекқор директорларына зор сенім білдірген Шортанды совхозының тұрғындары Амангелді Хамзаұлына зор сенім білдіріп, оны Ақмола облыстық мәслихатына депутат етіп сайлады. Алғашқы ұйымдастыру сессиясында Амангелді Сыздықов Ақмола облыстық мәслихатының хатшысы болып сайланды.

Еңбек жолын қатардағы механизаторлықтан бастап Парламент Сенатының депутаттығына дейін жетсе де кісілік келбетін жоғалтпай, халықтың бір өкілімін деп қарапайымдылығынан таймады. Амангелді Хамзаұлы биік үйдің мінберінен депутаттық сауал тастап өкіметтің назарына өзекті мәселелер қойды. Әсіресе таратылған Торғай, Көкшетау облыстарының мүң-мұқтаждарына назар аударды. Соның нәтижесінде Көкшетау қаласындағы РК-2 нысаны жөнделіп, жылу мен су жүйелері қалпына келтірілді.

Өндірістік су құбыры субсидияланып, Көкшетау мен Щучинск қалаларының су мәселесі тұрақтандырылды. Степногорск өңірінің тұрғындары Сенатор Сыздықовты күні бүгін ұмытпайды. Слеті өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысына және Слеті су қоймасынан қалаға дейінгі су құбырын қайта жаңғыртуға мемлекеттен қаржы бөлгізді. Бұл нысандар аймақ халқының өмір сапасын жақсартуға шешуші рол атқарды. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының аграрлық саясат, табиғи ресурстар мен экология жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі ретінде талай парламентаралық үлкен жиындарға қатысып, ел мүддесін қорғай білді.

Елордада атқарылған игі істері өз алдына – бір төбе. Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болған кездерінде соғыс және еңбек ардагерлеріне көптеген әлеуметтік жеңілдіктер мен қолдау шараларының жүзеге асуына ұйытқы болды. 2010 жылдан Республикалық ардагерлер қоғамдық бірлестігінің тұрақты комиссиясының төрағасы, орталық кеңестің Президиум мүшесі ретінде ардагерлердің оңалту орталықтарына «Қатаркөл», «Шучинск» шипажайларына жеңілдікпен баруына қол жеткізді.

Сондай-ақ халықаралық ардагерлер күніне орай соғыс және тыл еңбеккерлеріне, жасы келген қарттарға демеушілер арқылы түрлі жеңілдіктер жасалып сый-сияпаттар ұйымдастырылды, №4 қалалық емхана қарттарға медициналық көмек көрсетеді. Қарт ардагерлерге көрсетілген көмектің аясын кеңейту үшін қоғамдық ұйымдардың да атсалысуына ықпал етті. Бүгінгі таңда Ардагерлер кеңесі қоғам дамуының тыныс-тіршілігіне сергек қарап, Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатына қатысып, өз үнін қоса алатын беделді бір ұйым болып қалыптасты.

Он алты жасынан еңбекке араласып, бүкіл саналы ғұмырын туған мемлекетінің экономикасын өркендетуге арнаған бұл күнде ел ағасы атанған Амангелді Хамзаұлы Сыздықов марапат пен мақтаудан кенде емес. Еңбек еткен жылдарында алған құрмет грамоталар мен алғыс хаттарын тауыса алмайсың. Президенттің Жарлығымен алған «Алтын барыс» төсбелгісі мен «Құрмет ордені» кеудесін жылытып тұрса, Шортанды ауданының «Құрметті азаматы деген» атақ-абырой биігіне көтереді. Парламенттер арасындағы халықаралық Ассамблеясының төсбелгісімен қоса 20-ға жуық медальдардың да өзіндік салмағымен құдіреті асқақ адамгершілігі мен кісілігі, парасаты мен мәдениеті келіскен, іскерлігі мен ұйымдастырушылығы шебер, саясатта пайымды, мінезге бай Амангелді Хамзаұлын дегдар адам десек жарасады. Ең бастысы ол – мемлекетшіл адам!

Отбасында ардақты әке, ақылман ата, әулеттің алтын діңгегі, ұрпаққа өнеге болған тұлға. Абыздық жасқа жеткен абзал аға, сергек келген 80 жасыңыз құтты болсын! Ел тарихының шежіресіне айналған, айтары бар қазыналы қарт болып ғасыр жасаңыз!

Қарлығаш БӘКЕНҚЫЗЫ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі, қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі



Қоғамның мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімі, ең алдымен, сол жүйеде қызмет ететін кадрлардың кәсіби деңгейіне байланысты. Осы тұрғыда елімізде мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесін енгізу – уақыт талабы. Мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту – еліміздегі институционалдық реформалардың маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта кадрларды іріктеу тетіктері қайта қаралып, заманауи талаптарға сай жаңа жүйе енгізілді. Жалпы, саладағы реформалардың мәні және өзге де жұмыстардың барысы туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғардан сұрап білген едік...

Ербол ЖОЛДАНҒАР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:

САПАЛЫ КАДР – ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ

– Ербол Қабдығалиұлы, соңғы жылдары мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Осы реформалардың басты мәні неде? Алдымен осыған тоқталып өтсеңіз?

– Қайырлы күн! Мемлекеттік басқарудың сапасы халықтың өміріне тікелей әсер етеді. Осы себепті ішінара цифрландырылған, ашық әрі әділ іріктеу жүйесі елімізде өте қажет болды. Мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі бәсекелестікті арттырып, кәсіби кадрларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл реформаның басты міндеті – тек білім мен таныстыққа емес, нақты құзырет пен қабілетке негізделген әділ жүйе құру.

– Өзіңіз айтып өткендей, мемлекеттік қызметке іріктеу – қоғам назарындағы маңызды тақырыптардың бірі. Қоғам тарапынан конкурс әділ өте ме деген алаңдаушылық бар. Осыған не дейсіз?

– Бұл – орынды сұрақ. Жаңа форматтың басты ерекшелігі – іріктеу процесінің толық цифрландырылуы және онлайн форматқа ауысуы, сыбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған нақты тетіктердің енгізілуі, адами фактор шектеле отырып, анонимділікті қамтамасыз ету үшін әрбір жеке тұлғаға ID нөмірлерінің берілуі арқылы конкурстың шынайы әрі әділ өтуінде.

Қалыптасқан жағдайға жауап ретінде «e-Qyzmet» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің сыртқы порталы арқылы процесті цифрландыру іріктеуге қашықтықтан қатысуға мүмкіндік бере отырып, адами факторды барынша азайтып, мемлекеттік қызмет тартымдылығының артуына әсерін тигізді. Бұдан былай үміткердің тек тестілеуден өтуі жеткіліксіз, оның кәсіби, тұлғалық және практикалық құзыреттері де кешенді бағаланады. Бұл үшін арнайы тапсырмалар мен критерийлер бекітілді.

Жалпы, жаңа іріктеу жүйесіне көшкеннен бері Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарында 2025 жылдың қорытындысы бойынша жалпы конкурс бойынша 1-орынға 24,6 (2024 ж. – 8,6) кандидат қатысып, осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда олардың үлесі 16 адамға артып, мемлекеттік қызмет жүйесінің ашықтығын көрсетті.

– Ал жастар мен білікті мамандар үшін бұл жүйенің берер мүмкіндіктері қандай?

– Жаңа жүйе жастар үшін де, білікті мамандар үшін де тең мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Біліктік пен құзыретке негізделген бағалау жастарға өз әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді, ал тәжірибелі мамандар нақты кәсіби қабілеттер арқылы жоғары орындарға үміткер бола алады. Бұл мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттырады және инклюзивті кадрлық саясатты дамытады.

– Ербол Қабдығалиұлы, соңғы жылдары жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығы артып келеді. Бұл тенденцияны қалай бағалайсыз?

– Соңғы жылдары мемлекеттік басқару жүйесінде айтарлықтай трансформация жүріп жатыр. Оның негізгі бағыты – жастарға мүмкіндік беру, жаңа буынды басқарушылық ортаға тарту. Бұл бағыт бірнеше нақты тетік арқылы іске асуда.

Біріншіден, жаңа айтып өткендей ашық іріктеу жүйесінің енгізілуі.

Екіншіден, меритократия қағидатының күшеюі. Қызмет өсуі бұрын белгілі бір тәртіппен ғана жүрсе, қазір жас, қабілетті маман қысқа уақытта басшылық қызметке көтеріле алады.

Жастармен жұмыстың ең ауқымды жобаларының бірі – Президенттік жастар кадр резерві.

Бұл жоба – Мемлекет басшысының 2019 жылы көтерген бастамасы. Президент «Сапалы кадрсыз реформа болмайды» деп нақты атап өткендіктен, елімізде білікті, білімді, елге адал жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту – басты мақсаттардың бірі. Президенттік жастар кадр резерві – осы мақсатқа жетудің нақты әрі тиімді құралы деп есептеймін. Ең бастысы, бұл – әлеуметтік баспалдақ, яғни қай өңірден шыққанына, кімнің баласы екеніне қарамастан, білімі мен қабілетіне қарай мемлекеттік қызметте жоғарылауға зор мүмкіндік.

